

ЖОЛДАУ

СЫНДАРЛЫ ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГ - ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ӨРКЕНДЕУІНІҢ НЕГІЗІ

Құрметті отандастар!
Құрметті депутаттар,
үкімет мүшелері!

Баршаңызды жаңа парламенттік маусымның басталуымен құттықтаймын!

Біз еліміздің жаңа тарихындағы маңызды белеске жақындап келеміз.

Отыз жылға жуық уақыт бұрын халқымыз өзінің Тәуелсіздігін жариялап, бабаларымыздың ға-сырлар бойы аңсаған арманын орындады.

Осы уақыт ішінде Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен еліміз әлемдегі беделді әрі орнықты мемлекетке айналды.

Баянды бірлігіміздің арқасында тәуелсіздігімізді нығайтып, халқымыздың жағдайын жақсартуға жол аштық.

Бұл жасампаздық пен ілгерілеу, бейбітшілік пен келісім кезеңі болды.

Еліміздің даму жолын бүкіл әлем мойындап, қазақстандық, яғни Назарбаев моделі деп атады.



ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ПАРЛАМЕНТ ПАЛАТАЛАРЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫНДА ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫН ЖАРИЯЛАП, ЕЛІМІЗДІҢ АЛДАҒЫ ДАМУЫНА ҚАТЫСТЫ ОЙ-ТҰЖЫРЫМДАРЫН АЙҚЫНДАП КӨРСЕТТІ. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ, АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН, ЕРКІНДІКТЕРІ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, ДАМУЫҒАН ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ ЭКОНОМИКАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ, ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМТУ САЛАСЫН ЖАҒЫРТУ, СОНДАЙ-АҚ, ӨНІРЛЕРДІҢ ӘЛЕУЕТІН НЫҒАЙТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН БІРҚАТАР БАСТАМАСЫН ҰСЫНДЫ.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ «СЫНДАРЛЫ ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ӨРКЕНДЕУІНІҢ НЕГІЗІ» АТТЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫНАН ҚЫСҚАРТЫЛЫП АЛЫНҒАН НҰСҚАНЫ ЖАРИЯЛАП ОТЫРМЫЗ.

Қазір бізге тәуелсіздіктің жетістіктерін еселеп, елімізді дамудың жаңа сапалы кезеңіне шығару мүмкіндігі беріліп отыр.

Бізбұған Елбасы саясатының сабақтастығын сақтап, жүйелі реформалар жүргізу арқылы қол жеткізе аламыз.

Өздеріңізге белгілі, осының бәрі менің сайлау алдындағы бағдарламама негіз болды.

Қазір мемлекеттік органдар оны жүзеге асыру үшін тиісті жұмыстар жүргізуде.

Мен халыққа берген уәделерімді міндетті түрде орындаймын.

Біз өз жұмысымызда Елбасы ұсынған бес институционалды реформамен Ұлт жоспарын толыққанды жүзеге асыру қажеттігін басты назарда ұстауымыз керек.

Елбасымыздың бастамасымен құрылған Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссияның жұмысын қайта жандандыру қажет.

Енді ортақ міндеттерімізді және сайлауалды бағдарламамды іске асыруға қатысты ой-пікірлеріме тоқталайын.

Жалғасы 3-бетте.

АНДАТПА

ТҮЙТКІЛ 5-бет



ҰСТАЗ МӨРТЕБЕСІ
ҰЛЫҚТАЛА МА?

ЖЕГІҚҰРТ 7-бет



ЖАЛАҢ ҰРАҢ
ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖОЯ АЛМАЙДЫ

РОМАННАН ҮЗІНДІ 8-9-бет



«ӨГІЗӨКІРГЕНДЕГІ»
ҚЫРҒЫН

МЕРЕЙТОЙ 13-бет



ӨНЕР - МЕНІҢ ӨМІРІМ

ЖОЛДАУ - 2019

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ ҚЫСҚАРТЫЛМАҚ

Мемлекет басшысы халыққа алғашқы Жолдауында 2020 жылдан бастап мемлекеттік қызметкерлер санын 15%-ға қысқарту жұмыстары басталатынын айтты. Тиісінше, мемлекеттік қызметкерлер жұмысының тиімділігін арттыру үшін олардың қатарына жас кадрларды тарту қажеттілігін атап өтті. Сондай-ақ, қысқарту есебінен үнемделген ақша қалған жұмысшыларды материалдық ынталандыруға жұмсалмақ.

Халықпен тиімді кері байланыс орнату, адамдардың зәру мәселесін шешуге жедел ден қоюдың мемлекеттік органдар жұмысындағы басты бағыт екеніне ерекше тоқталып өткен Президент жергілікті билік өкілдері көп ретте халық шағымына салғырттық танытып, әлеуметтік мәселелерді шешуге тырыспайтындығын сынға алды. «Біз Президент аппараты жанынан арнайы бөлім құрдық. Бөлім мемлекеттік органдардың халық мәселесін шешу жолдарын қадағалайтын болады», – деді Қ. Тоқаев.

Қысқартылар қызметкерлер санын шамамен есептеп көрсеніз, 25 мыңға жуық адам жұмыстан босатылады деген сөз. Осыған орай, еліміздегі саясаттанушылардың бірі оң пікір білдірсе, енді бірі елімізде жұмыссыздықтың белең алу қаупін ескеру қажеттігін айтады.

Мәселен, белгілі БАҚ беттерінде пікірін білдірген саясаткер Уәлихан Қайсар: «Бүгінгі

таңда мемлекеттік қызметкерлердің санын азайтатын болсақ, онда бюрократизм одан сайын өрши түседі. Неге десеңіз, біздегі қағазбастылықтың себебінен мемлекеттік органдар жұмыс ауқымын игере алмай жатыр. Одан да қағазбастылықты қысқарту керек», – дейді.

Дәл осы мәселеде саяси ғылымдар докторы Бәкір Әбдіжәлел саяси «әділетсіздік» орын алуы мүмкін дейді: «Егер «әйтеуір, қысқарту керек» деп басшылар өзіне ұнай қоймаған, бірақ жұмысын жақсы істейтіндерді сарап-тамай қысқартып тастаса, бұл, әрине, еңбек өнімділігіне кері әсерін тигізеді. Сондықтан да басшылар ең алдымен жұмыстан шығармас бұрын қол астындағы қызметкерлердің арасында сараптама жүргізу керек. Практикада мынадай жағдай кездеседі, көбіне жұмысқа кейін келген адамды қысқартып тастап жатады».

«АЛАТАУ – АҚПАРАТ»

ФОРУМ

ЕЛОРДАМЫЗ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНДА АЗИЯ ЕЛДЕРІ ҚАЛАМГЕРЛЕРІНІҢ І ФОРУМЫ ӨТУДЕ.

АЗИЯ ҚАЛАМГЕРЛЕРІНІҢ АЛҚАЛЫ ЖИЫНЫ

Тұңғыш рет ұйымдастырылған бұл форум Азия құрлығында орналасқан елдер арасындағы әдеби-мәдени байланыстарды нығайту, әдеби үдерістің дамуына қатысты Азия елдерімен тәжірибе алмасу сынды бірқатар мақсат-міндеттерді көздейді.

Бұл жайында Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулет брифингте айтты. «Оңтүстік Корея, Қатар және Моңғолия елдерінен Нобель сыйлығына 3 номинант келе жатыр. Құрлықтағы 45 мемлекеттің 44-інен жазушы шақырдық. Нәтижесінде 35 елден 80-ге жуық қаламгер келмек. Ұйымдастыру жұмыстарына мемлекет өзі қолдау көрсетіп отыр. Мемлекеттік хатшы Марат Тәжин мырза шараны ұйымдастыруға тікелей атсалысса, Мемлекет басшысы форумның ашылуына қатыспақшы. Осының өзі әдебиетке деген оң көзқарас қалыптасқанын көрсетеді», – деді Ұлықбек Есдәулет. Мәдениет және спорт вице-министрі Нұрғиса Дәуешов аталмыш форумды 3 жылда бір рет өткізу ұсынылатынын айтты. «Азия қаламгерлеріне осы форумды 3 жыл сайын әртүрлі мемлекетте өткізуді ұсынбақпыз.

Сондай-ақ, Азия жазушылары комитетін құрып, штаб-пәтерін Нұр-Сұлтан қаласында ашуды жоспарлап отырмыз. Аударма ісіне соның ішінде қазақ авторларын Азия тілдеріне аудару бойынша да нақты ұсыныстарымыз бар. Форум барысында осы тақырыптарда пікір алмасып, келіссөздер жүргіземіз», – деді вице-министр.

Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары Ақберен Елгезектің сөзінше, әдеби шара барысында пайдалы дәрістер мен ашық пікірталастар жоспарланған. «Форум жұмысы 3 күнге созылады. Ертең пленарлық отырысы өтеді. Екі бөлімде 11 спикер баяндама оқиды. Келесі күні TED.9 форматында арнайы шара өтеді. Онда 10 спикер дәріс оқып, еркін форматта сұхбаттасады. Сондай-ақ, Абай көшесінің бойында «Қаламгерлер аллеясы» ашылмақ. Онымен қоса Орталық Азия қаламгерлерінің кездесуі өтеді. Форум шеңберінде жас Азия қаламгерлерінің кездесуі де жоспарланған», – дейді ол.

«Егемен Қазақстан» сайтынан алынды.

«МЕКТЕПKE ЖОЛ»

«Мектепке жол» ауқымды республикалық акциясының аясында көп балалы және жағдайы төмен отбасынан шыққан 600-ге жуық бірінші сынып оқушысы «Халық» қайырымдылық қорының және Naluk Bank-тің көмегімен Білім күнін мектеп жинағы бар сөмкелермен және оқу құралдарымен қарсы алды.

Акция Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, жергілікті атқарушы органдардың (әкімдіктердің) бастамасымен өткізілуде және Naluk Bank әдетте «Халық» қайырымдылық қоры арқылы қолдау көрсетуде. Ағымдағы жылы мектеп жинағын сатып алуға 8,5 млн. теңгеден аса ақша бөлінді.

ХАЛЫҚ БАНКТІҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫ

«Халық» қайырымдылық қорының директоры Сағынбек Шункеев: «Мектеп табалдырығын аттау – баланың бүкіл өміріне естелік болып қалатын ұмытылмас оқиға», – деп атап өтті. – Өмірдің осы сәті барынша жарқын, естен кетпейтіндей қызық болып өткені маңызды. Сондықтан Naluk Bank «Халық» қайырымдылық қоры арқылы соңғы төрт жыл ағымда 43,5 млн. теңге бөлумен қатар көп балалы және жағдайы төмен отбасынан шыққан 3,5 мың баланы мектепке дайындады».

Сөмкелерден және керекті кеңсе тауарларынан (дөптерлер, қаламдар, қаламсаптар және т.б.) тұратын Naluk Bankтің және «Халық» қайырымдылық қорының мектеп жинақтары жергілікті атқару органдары мен білім беру басқармалары берген тізімге сәйкес таратылады.

«Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы Қазақстан Республикасы Білім және

ғылым министрлігінің бастамасымен 2018 жылғы 1 тамыздан бастап 30 қыркүйекті қоса алған күн аралығында бүкіл ел бойынша өткізілуде.

Акцияның мақсаты – оқу жылының алдындағы дайындық кезеңінде көп балалы және жағдайы төмен отбасынан шыққан балаларға, жетім балаларға және ата-анасының қамқорынан айырылған балаларға көмек көрсету.

Айта кетейік, «Халық» қайырымдылық қоры (Naluk Fund) – Naluk Bank-інің жанынан 2016 жылғы сәуірде Қазақстан Республикасының мәдениет, спорт және білім беру салаларында қоғамдық маңызы бар іс-шараларды және әлеуметтік жобаларды іске асыру, жүйелік деңгейде қайырымдылық және демеушілік қызмет ету үшін құрылды.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ 95 жылдан аса табысты жұмыс істеп келетін және негізгі көрсеткіштер бойынша елде көш бастаған Қазақстан Республикасының ірі коммерциялық банкі болып табылады. Банк өз клиенттеріне қызметтердің кең саласын (банктік қызметтер, сақтандыру, лизинг, брокерлік қызметтер және активтерді

басқару, инкассация және т.б.) ұсынатын Naluk тобына кіреді. Сонымен қатар Банк Ресейде, Грузияда, Қырғызстанда, Тәжікстанда және жақыннан бері Озбекстанда өз операцияларын жүргізеді. Банк рейтингтері: Moody's – «Ba1», Fitch Ratings және Standard & Poor's – «BB».

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

МЕРЕКЕ АЙШЫҒЫ

САЛТАНАТТЫ ЖИЫН

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАЛЫҚ СОТЫНДА КОНСТИТУЦИЯ КҮНІНЕ ОРАЙ САЛТАНАТТЫ ЖИЫН ӨТТІ. БҰЛ ШАРАДА ҚАЛАЛЫҚ СОТ ТӨРАҒАСЫНЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ БЕЙБІТ ТҰРЫСОВ ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ СӨЙЛЕП, ЕЛІМІЗДІҢ АТА ЗАҢЫНЫҢ ТАРИХЫ МЕН МАҢЫЗЫ ТУРАЛЫ АЙТЫП ӨТТІ.



– Құқықтық мемлекетті қалыптастыруда заңның үстемдігін қамтамасыз ету кезектелген мемлекеттің негізгі мақсаттарының бірі. Қоғам өмірінің барлық саласында заң үстемдігін жүзеге асыру, даму кезеңінің нақты қажеттігін қанағаттандыру, демократияны орнықтыру, жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру сияқты көптеген маңызды мәселелермен тікелей байланысты. Демек Конституция жоғарыда көрсетілген мемлекет мүдделерінің жүзеге асырылуына әсері мол мемлекеттік құқық жүйесінің негізін бекітіп көрсететін ең жоғарғы заңдық күші бар басты құжат

болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясы қоғамның әр саласына қажетті заң актілерінің негізін қалыптастыратын «Заңның заңы» болып есептеледі. Қазақстан Республикасының Конституциясының 4-бабында «Конституцияның ең жоғарғы заңды күші бар және Республиканың бүкіл аумағында тікелей қолданылады делінген. Конституция ең жоғарғы заң күшіне ие басты құжат болғандықтан заң шығарушы органдармен басқа да мемлекеттік органдардан қабылданатын заңдар, нормативтік құқықтық актілердің барлығы оған негізделіп шығарылуы тиіс. Сонымен қатар мемлекеттің, мемлекеттік органдар мен саяси партиялардың іс-әрекеттері Конституция көлемінде жүргізіліп, оның нормаларын бұзбауы керек. Себебі Конституция нормалары қоғамның саласындағы ең негізгі де маңызды қатынастарды реттеумен қатар, олар үшін қажетті заңдардың ірге тасын қалайды. Сондықтан

Конституция мен басқа да қолданыстағы заң актілері бір-бірімен тығыз байланыста болады. Яғни Конституция нақты заңдардың қабылдану, қолданылу негізін анықтайды. Бұл Конституцияның жоғарғы заңи күші бар мемлекетіміздің негізгі заңи екендігінің көрінісі. Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бері оның еркіндігі мен бірлігін одан әрі нығайтуда Ата Заңымыз мүлтіксіз қызмет көрсетіп, зор табыстарға жетіп, жыл өткен сайын Конституция заңдылығы мен сот билігінің бір-бірінен ажырамас қағидасы салтанат құрып келеді, – деді Бейбіт Тұрысбекұлы.

Жиын соңында соттың білікті де тәжірибелі судьясы Бекмұрат Дүйсенбеков қалалық соттың бір топ маманын, атап айтсам, Д.Симилтарованы, А.Қасеновты, А.Иманалинаны және Б.Мужаяковты мадақтамамен марапаттады.

Ш.БАТЫРХАНОВ.

СЫНДАРЛЫ ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ӨРКЕНДЕУІНІҢ НЕГІЗІ

Жалғасы. Басы 1-бетте.

I. ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ ТИІМДІ МЕМЛЕКЕТ.

Мен уәде еткен саяси жаңғыру үдерісі азаматтарымыз бен мемлекетіміздің мүдделеріне сәйкес біртіндеп үздіксіз жүзеге асырылатын болады.

Негізсіз, жүйесіз саяси ырықтандыру елдің ішкі саяси ахуалының тұрақсыздығына, тіпті мемлекеттіліктен айырылуға әкеліп соғатынын әлем елдерінің тәжірибесінен көріп отырмыз.

Сондықтан біз саяси реформаларды «асығыстыққа салынбай», керісінше, кезең-кезеңмен, табанды түрде және жан-жақты ойластырып жүзеге асыратын боламыз.

Еліміздің қоғамдық-саяси өмірін жаңғыртпай, табысты экономикалық реформаларды іске асыру мүмкін емес. Бұл – біздің ұстанатын басты қағидатымыз.

«Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет».

Біз бұл мақсатқа әлі де жете қойған жоқпыз. Сондықтан осы бағыттағы жұмысқа бар күш-жігерімізді салуымыз қажет.

Саяси жүйенің бұл формуласы мемлекет тұрақтылығының негізі саналады.

Азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру – бәрімізге ортақ міндет.

Билік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату арқылы ғана қазіргі геосаяси ахуалға бейімделген үйлесімді мемлекет қалыптастыруға болады.

Сондықтан азаматтық қоғамға қолдау көрсетіп, оның әлеуетін нығайта түсу керек. Сондай-ақ аса маңызды жалпы мемлекеттік міндеттерді шешу үшін талқылау жұмыстарына азаматтық қоғамның мүмкіндіктерін кеңінен қолдану қажет.

Осы мақсатпен біз белгілі қоғам өкілдерін қамтитын Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құрдық. Бұл кеңес ротациялық тәртіппен жұмыс істейді.

Алдағы уақытта бізге мынадай шараларды жүзеге асыру керек.

Бірінші. Партия құрылысы үдерісін жалғастыру. **Екінші.** Халықпен тиімді кері байланыс орнату. **Үшінші.** Митингтер туралы заңнаманы жетілдіру. **Төртінші.** Қоғамдық келісімді нығайту.

II. АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.

Сот және құқық қорғау жүйесіндегі күрделі реформалар – азаматтарымыздың құқықтарын қорғаудың және олардың қауіпсіздігін күшейтудің негізгі факторы.

Сот шешімдерінің сапасын арттыру үшін бірқатар маңызды шараларды жүзеге асыру қажет.

Судьялардың заңды және ішкі сенімді басшылыққа алып, шешім шығару құқығы мызғымас сипатқа ие.

Дегенмен, сот шешімдерін мұқият талдау жұмысын жолға қойып, бірыңғай сот тәжірибесін орнықтыру қажет.

Азаматтарымыз жария-құқықтық дауларда билік органдарының шешімдері мен әрекеттеріне қатысты шағым түсіру кезінде көп жағдайда теңсіздік ахуалында қалып жатады.

Олардың мүмкіндіктерін мемлекеттік аппараттың ресурстарымен салыстыруға келмейді.

Сондықтан осындай теңсіздіктерді болдырмау мақсатында дауларды шешудің ерекше тетігі ретінде әкімшілік әділет құрылымын енгізу қажет.

Бұдан былай дауларды шешу барысында сот қосымша айғақтар жинау бастамасын көтеруге құқылы.

Аталған дәлелдемелерді жинақтау міндеті жеке азаматқа немесе бизнеске емес, мемлекеттік органға жүктелетін болады.

Заңнамадағы барлық қарама-қайшылықтар мен дүдәмал тұстар азаматтардың мүдделерін ескере отырып, түсіндірілуі тиіс.

Келесі бір маңызды мәселеге тоқталайын.

Біз шамадан тыс қудалау шаралары мен сот төрелігінің қатаң жазалау тәжірибесінен бас тарттық. Алайда елімізде ауыр қылмыстардың саны азаймай тұр.

Біз заңнамамызды ізгілендіру ісіне көбірек мән беріп, азаматтардың негізгі құқықтарын назардан тыс қалдырдық.

Жыныстық зорлық-зомбылық, педофилия, есірткі тарату, адам саудасы, әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық және басқа да ауыр қылмыстарға, әсіресе балаларға қатысты қылмыстарға қолданылатын жазаны шұғыл түрде қатайту қажет. Бұл мәселені шешуді Парламентке және Үкіметке тапсырамын.

Соңғы уақытта болған қайғылы оқиғалар ұйымдасқан қылмыстың тағы бір түрі – браконьерлік проблемасының бетпердесін ашты.

Бүгінде браконьерлер сақадай-сай жабдықталып, қаруланған және өздерінің жазалана қоймайтынына сенімді. Биылдың өзінде жануарлар әлемін қорғап жүрген екі инспектор браконьерлердің қолынан қаза тапты.

Жақында Шығыс Қазақстан облысындағы Марқакөл көлінде браконьерлердің қылмыстық тобы ұсталды.

Бұл тек бір ғана мысал, алайда браконьерліктің тамыры тереңге жайылған, соның ішінде бұл құқық қорғау органдарының салғырттығынан болып отыр. Браконьерлер ұлттық байлығымыз – табиғатымызға аяусыздықпен орны толмас зиян келтіруде.

Үкіметке екі ай ішінде тиісті заңнаманы қатайту үшін шұғыл шаралар қабылдауды тапсырамын.

Сыбайлас жемқорлықпен жан-жақты күресу мәселесі күн тәртібінен түскен жоқ. Орталық және жергілікті органдардың нормативтік құқықтық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу ісін қайта қалпына келтіру қажет. Бұған сарапшылар мен қоғам өкілдері де атсалысуы тиіс.

Сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыс жасалған мекеменің бірінші басшысының жауапкершілігін заңнамалық және нормативтік тұрғыдан нақты белгілеу керек.

Сондай-ақ заңсыз және арандатушылық әрекеттерге барғаны үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл органдарының қызметкерлерін қатаң жазалау керек. Ондай қызметкерлерге тергеу саласында орын жоқ.

Кінәсіздік презумпциясы қағидаты толық көлемде сақталуы тиіс.

Құқық қорғау жүйесін толық реформалау – аса маңызды міндеттердің бірі.

Полицияның мемлекеттік күштік құрылымындағы бейнесі бірте-бірте өзгеріп, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін азаматтарға қызмет көрсететін органға айналады.

Ең алдымен 2020 жылдың аяғына дейін Әкімшілік полиция комитетінің жұмысын қайта ұйымдастыру қажет. Мұны

науқаншылдыққа айналдырмай, сапалы жүргізген жөн.

Полицейлер жұмысының тиімділігі полиция қызметінің беделді болуына байланысты.

Ішкі істер министрлігін реформалауға алдағы үш жыл ішінде 173 миллиард теңге бөлінеді.

Бұл қаражат еңбекақыны көбейтуге, баспананы жалға алуға, халыққа қызмет көрсету қағидаты бойынша полицияның заманауи фронт-офистерін ашуға жұмсалады. Азаматтарды табиғи құбылыстар мен техногендік сипаттағы апаттардан қорғау мәселесіне баса мән беріледі.

Өкінішке қарай, мұндай апаттар біздің елімізде ғана емес, бүкіл әлемде жиілеп кетті.

Бұл салада кәсіби мамандар жұмыс істеуі керек.

Үкіметке азаматтық қорғаныс саласы қызметкерлерінің еңбекақысын Ішкі істер органдарын реформалау үшін берілетін қаражат есебінен көбейтуді және осы мақсатқа сәйкес шамамен 40 миллиард теңге бөлуді тапсырамын.

Біздің алдымызда жаңа тұжырымдама негізінде тегеурінді әскер қалыптастыру міндеті тұр.

Арыста болған оқиғалар Қарулы Күштерде түйткілді мәселелер қордаланып қалғанын көрсетті.

Әскерге жұмсалатын шығыстарды реттеп, осы саладағы қаржы жүйесін және жалпы тәртіпті нығайтатын кез келді.

Сонымен бірге әскери қызметтің беделін арттырып, Қарулы Күштердің материалдық базасын нығайту қажет.

Отанына адал, кәсіби тұрғыдан дайындалған офицерлері мен әскери қызметшілері бар армиямыз жаңа геосаяси жағдайларда ел қауіпсіздігіне қауіп төндіретін қатерлерге тойтарыс беруге дайын болу керек.

III. ҚАРҚЫНДЫ ДАМЫҒАН ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ ЭКОНОМИКА.

Елбасы ұсынған 2050 жылға дейінгі ұзақ мерзімді даму стратегиясына және Ұлт Жоспарына сәйкес бірқатар құрылымдық міндеттерді іске асыруымыз керек.

Бірінші. Шикізатқа байланған менталитеттен бас тартып, экономиканы әртарапандыру. **Екінші.** Квазимемлекеттік сектордың қайтарымын арттыру. **Үшінші.** Тиімді шағын және орта бизнес – қала мен ауылды дамытудың берік негізі. **Төртінші.** Ұлттық бизнеске халықаралық нарықтарда қолдау көрсету. **Бесінші.** Дамыған агроөнеркәсіп кешені. **Алтыншы.** Әділетті салық салу жүйесі және тиімді қаржылық реттеу. **Жетінші.** Ұлттық қорды тиімді пайдалану мәселесі.

IV. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ.

Еліміздің бюджеті екі негізгі мақсатқа бағытталуы тиіс – экономиканы дамыту және әлеуметтік мәселелерді шешу. Әлеуметтік салада мынадай бағыттарға баса мән беру керек.

Бірінші. Білім беру сапасын жақсарту. **Екінші.** Отбасы және бала институтын қолдау, инклюзивті қоғам құру. **Үшінші.** Медициналық қызмет көрсетудің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету. **Төртінші.** Мәдениет қызметкерлерін қолдау. **Бесінші.** Әлеуметтік көмек көрсету жүйесін одан әрі дамыту. **Алтыншы.** Еліміздің зейнетақы жүйесін дамыту саласына ерекше тоқталғым келеді. Мұнда да қордаланып қалған мәселелер жеткілікті.

V. ҚҰАТТЫ ӨҢІРЛЕР – ҚҰАТТЫ ЕЛ.

Бұл бағытта мынадай міндеттерге баса мән беру керек.

Бірінші. Жергілікті билік органдары жұмысының тиімділігін арттыру. **Екінші.** Бюджетаралық қатынастар жүйесін реформалау. **Үшінші.** Басқарылатын урбанизация және бірыңғай тұрғын үй саясаты. **Төртінші.** Инфрақұрылымды дамыту.

Құрметті отандастар!

Біз елімізді реформалаудың жаңа кезеңіне қадам бастық. Осы маңызды міндеттерді сапалы орындауымыз керек.

Еліміздің әрбір тұрғыны оң өзгерісті сезінуі тиіс.

Мен мемлекеттік органдардан жұмысты жедел атқарып, нақты нәтижеге қол жеткізуді талап етемін.

Реформаны тек реформа үшін жүргізуге жол берілмейді.

Әрбір министрде және әкімде нәтижелі жұмыстың негізгі көрсеткіштерінің тізімі болуы тиіс.

Сол арқылы олардың нақты мақсатқа қол жеткізу деңгейі анықталады.

Үкімет мүшелеріне, мемлекеттік органдар мен өңірлердің, мемлекеттік компаниялардың және мекемелердің басшыларына тиісті реформаның жүзеге асырылуы үшін дербес жауапкершілік жүктеледі.

Осыған байланысты, жақында тиісті Жарлыққа қол қойдым. Бұл Жарлықтың аясында елдегі ахуал, соның ішінде аймақтардағы халықтың жағдайы сауалнама негізінде нақты бағаланатын болады.

Үкіметтің әлеуметтік және экономикалық саясатқа жауапты құрылымдары қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес алдын-ала нақты жұмыс жүргізуі қажет. Бұл үшін бақылау, талдау және болжау жүйесін неғұрлым күшейту керек.

Сондықтан депутаттарымыздың өтінішіне орай Парламент жанынан Заңнаманы зерделеу және сараптау институтын құру жөнінде тапсырма беремін.

Аталған құрылым заңдарымыздың сапасын арттыруға ықпал етуі тиіс.

Қадірлі қазақстандықтар!

Халқымызды толғандыратын барлық мәселелер бізге белгілі.

Осыған орай, ахуалды жақсарту үшін іс-қимыл жоспары әзірленіп жатыр.

Бізге зор жауапкершілік жүктеліп отыр.

Мен ел тағдырына жаны ашитын әрбір азаматқа зор сенім артамын.

Қазақстан – ортақ шаңырағымыз!

Мен бәріңізді мерейлі мекенімізді өркендетуге үлес қосуға шақырамын!

Сындарлы қоғамдық диалог – татулық пен тұрақтылық негізі.

Ұлы Абай өзінің алтыншы қара сөзінде «Бірлік – ақылға бірлік» дегенін білесіздер.

Елбасымыздың «Ел бірлігі – ең асыл қасиет» деген қанатты сөзі – біздің айнымас қағидамыз.

Береке мен бірлік, ақыл мен парасат халқымызды үнемі алға бастап келеді.

Бағытымыз – айқын, жолымыз – ашық.

Бәріміз бірге болсақ, еліміз бұдан да зор жетістікке жетеді деп сенемін!

Баршаңызға амандық, табыс тілеймін!

P.S: Аптаның сәрсенбісі күні облыстық әкімдіктің үлкен отырыс залында Алматы облысының әкімі Амандық Баталовтың қатысуымен Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауының қорытындысына арналған актив жиыны өтті.

НЫСАН

КҮН ЭЛЕКТР СТАНСАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



Алматы облысының Қапшағай қаласында «Eneverse Kunkuat» ЖШС-ның «Nurgisa 100 MWm Solar Park Qarshağai» күн электр стансасының 100 мегаваттық 1-ші кезегі іске қосылды. Бұл нысан әлемге әйгілі композитор Нұрғиса Тілендиевтің есімімен аталды.

Жаңа нысанның ашылуына ҚР премьер-министрінің орынбасары Жеңіс Қасымбек пен Алматы облысының әкімі Амандық Баталов қатысты.

Компания өкілдерінің сөзінше, құны 27,7 млрд. теңгелік жобаны қаржыландыруға «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-тың қаражаты мен «ҚДБ-Лизинг» АҚ-ның қаржылық лизингі тартылса, 10,4 млрд. теңгесі – меншікті капитал, яғни нысанға салынған инвестиция. Ал кәсіпорынның іске қосылуына жергілікті атқарушы билік қолдау білдіріп, «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы арқылы

нын да тілге тиек етті. «Қазіргі кезде Қазақстанда 800 МВт электр қуаты жаңартылған энергия көздерінен алынып отыр. Сондай тағы 5 нысан ашу жоспарланған. Біздің бизнесмендер күн электр стансасын іске қосуға бар күш-жігерін салды. Үкімет тарапынан да қажетті қолдау шаралары көрсетілді. Осындай жобалардың арқасында елімізде өндірілетін электр энергиясындағы ЖЭК үлесі 3 пайыз, 2030 жылға қарай 10 пайызға жеткізіледі», – деді Жеңіс Қасымбек.

Мұнан кейін сөз алған өңір басшысы Амандық Баталов билік

жүзеге асырылуы жаңа жұмыс орындарының ашылуына, бюджетке салық түсімінің және өңірге тартылған инвестиция көлемінің артуына септігін тигізеді. Оның нәтижесі облыс экономикасына оң ықпал етіп, игілігін халық көреді. Осы істегі серіктестерімізге ризашылығымызды білдіремін. Билік пен бизнестің бірігіп жұмыс істеуі өз жемісін беріп отыр», – деді А. Ғаббасұлы.

Сондай-ақ, жаңа нысанның ашылу салтанатында «ЕНЕВЕРСЕ KUNKUAT» компаниясының құрылтайшылары Болат Абилов пен Ораз Жандосов та ақ жарма тілектерін арнады. Өз сөздерінде көрсетілген мемлекеттік қамқорлыққа ризашылығын айтып, қаржылай қолдау көрсеткен, станса құрылысын жүргізген компанияларға, құрылысшы-жұмысшыларға алғыстарын жеткізді. Ресми қонақтар күн электр стансасының символикалық тетігін басып, іске қосты.

Шара барысында компания өкілдері Қапшағай қаласының әлеуметтік нысандарын дамытуға 250 млн. теңгенің сертификатын сыйға тартты.

Айта кетейік, жоба жыл сайын 160 млн. кВт/сағ электр энергиясын өндіреді. КЭС атмосфераға CO2 шығарындыларын жылына 150 мың тоннаға азайтады. КЭС-тің аумағы 400 гектарды алып жатса, жобаның 1-ші кезеңі 274 гектарда орналасқан. Стансада жалпы саны 303 мың панель орнатылады. Нысанның 1-ші кезегінің қуаты 100 МВт болса, толық қуатына шыққанда 150 МВт электр қуатын өндіретін болады. КЭС-ті салуға 11 отандық мердігер компания қатысқан. Олардың арасында «Аманат», «АСПМК-519», «Назар Энерджи», «Тенгизстрой» және басқа да компаниялар бар. Ал, станция құрылысын жүргізуде жергілікті тұрғындардан 500-ден астам адам жұмыс істепті. Нысан іске қосылғанда 35 адамды жұмыспен қамтымақ.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

БІЛІМ

Ақсу ауданындағы 41 мектептің 11-і күрделі жөндеуді қажет етеді. Бюджет тапшылығына орай кезегін күткен әлеуметтік нысанның бірі білім күніне орай қайта жөндеуден өтіп, қолданысқа берілді.

ЕСКІ МЕКТЕП ҚАЙТА ЖАҢАРДЫ

Тозығы жеткен мектепті қайта қалпына келтіру үшін жеке қаражатын жұмсап, қайырымдылық жасаған Ақсу ауылының тумасы Молдияр Нұрбаев есімді кәсіпкер. Ескі мектептің еңсесін қайта тіктеп, жаңа оқу жылында балаларын шексіз қуанышқа кенелткен Атымтай жомарт ағаның ісіне ауыл халқы дән риза.

Ендігі сәтте ауылдың көркіне көрік қосқан жаңа мектепте ауыл балалары өз білімдерін шыңдай түспек. Шатыр жабындысы, едені, есік-терезелері толықтай ауысқан білім ошағының ауласы да асфальтталды. Мұнымен қоса кәсіпкер мектепке 10 жаңа компьютер мен «Нива» маркалы автомобилін сыйға тартты.

Кәсіпкер сөзінше, адам баласы – шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Сондықтан отбасымен ақылдаса келе туған ауылының мектебін жөндеуді ұйғарыпты. Келер жылы ауыл балалары үшін футбол алаңын салу жоспарда екен.



Айта кетейік, Жетісу өңірінде Мамановтар әулеті мектеп ашып, ағартушылықпен айналысты. Арада бір ғасыр өткенде Мамановтардың осы игілікті ісін Нұрбаевтардың жалғап отырғаны көңіл қуантады. Мұндай игі істі Ақсудан шыққан өзге де меценаттар жалғастырады деген ойдамыз.

С. БАЗАРҚҰЛОВА.

БАСПАНА

ТҰРҒЫН ҮЙ МӘСЕЛЕСІ – БАСТЫ НАЗАРДА

БАСПАНА БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ АЯСЫНДА АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА ЖЫЛ БАСЫНАН 640 ПӘТЕР БЕРІЛСЕ, ОНЫҢ 260-ТАН АСТАМЫ КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРҒА ТИЕСІЛІ БОЛДЫ. АЛ ЖЫЛ СОҢЫНА ДЕЙІН ТАҒЫ 284 КӨП ҚАБАТТЫ ТҰРҒЫН ҮЙДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛЫП, 708 ПӘТЕР ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛМЕК.

Жуырда облысымызға қарасты Алакөл және Көксу аудандары мен Текелі қаласында көпбалалы отбасыларына тұрғын үйдің кілті табыс етілді. Көксу мен Алакөл аудандарында берілген үйлер «Бақытты отбасы» бағдарламасы аясында сатып алыныпты. Табысталған әр үйдің ауданы 72 шаршы метрді құраса, олардың әрқайсысына республикалық бюджеттен 10 млн. теңге қаражат жұмсалған. Ал Текелі қаласына республикалық бюджеттен 96 млн. теңге бөлінсе, бүгінгі күні 56 млн. 400 мың теңгесіне 10 үй сатып алынып, тұрғын үй алу кезегіндегі көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға беріліпті.

Талай жылдан бері пәтер жалдап, үйден-үйге көшіп жүрген алакөлдiк көпбалалы ана Ирина Еськова «Бақытты отбасы» бағдарламасы аясында көптен күткен үйіне қол жеткізгенін айтып, Президентке, облыс басшылығына аналық алғысын білдірді. «Енді осы жер балалар мекеніне айналады деп ойлаймын» дейді ол.

С. НҮСІП.



жоғары вольтты желілердің құрылысын облыстық бюджеттен 233 млн. теңгеге қаржыландырған.

Өз кезегінде Үкімет басшысының орынбасары Жеңіс Қасымбек сөз алып, осы жобаға атсалысқан азаматтарға алғысын білдірді. Айтуынша, іске асырылып отырған ірі жобаның маңызы зор. Елімізде «Экспо - 2017» көрмесі альтернативті энергетика жобаларының қарқынды жүзеге асырылуына зор серпін беруде. Бүгінгі таңда республикада 70-тен астам электр өндіретін нысан бар болса, оның 20-дан астамы Алматы облысында екен. Яғни, бұл тұста облыс көшбасшы болып саналаты-

пен бизнестің өзара ынтымақтаса жұмыс істеуі зор нәтижелер беріп отырғанын, бүгінгі нысанның ашылуы соның бір айғағы екенін айтты.

– Алматы облысы экономиканың барлық бағытында жақсы дамып келеді, индустриалды аймақтар құрылып, жаңа нысандар ашылууда. Жаңадан іске қосылған ірі кәсіпорындардың барлығы қолжетімді электр қуатын қажет етеді. Бүгінгі ашылып отырған күн электр стансасы облыстық электр қуатымен қамтамасыз етуге үлес қосатын маңызды нысан болмақ. Бұл – Солтүстік-Оңтүстік электр тарту желісінің бойында тұрған ірі нысан. Сонымен бірге жобаның

БІЛІМ

Ол үшін қазірге дейін қолға алынған істер мен қордаланып тұрған кемшіліктерді таразының екі басына қойып қарасақ дейміз. Тиісінше, екі түрлі көзқарастағы екшелген артық-кем тұстар мақаламыздың дап-дайын қорытындысы болары анық.

Осы саланың отына күйіп, суығында тоңған академик Шалва Амонашвилидің мына бір пікірі кім-кімді болмасын ойландырмай қоймайды. Онда ол: «Барлық реформа басталуы тиіс жерде емес, әуел бастан құрдымға кетер жерде басталады. Реформа тек мұғалім бойында басталады. Егер мен нашар мұғалім болсам, маған берілген ең жақсы бағдарламаларды мен қандай деңгейге айналдырамын? Егер мен жақсы мұғалім болсам, маған берілген нашар бағдарламаларды қандай деңгейге жеткіземін? Әдістемені өз бетіңше көре білуге тырысып, балаларға өз-өзіңді ұсын. Сонымен, мектепті кім реформалайды? Өз бағдарламаларымен министр ме? Әлде жеке ақиқаттарыммен мен бе? Мұғалімді



УСТАЗ МӘРТЕБЕСІ ЛЫҚТАЛА МА?

ойшыл, шығармашыл, еркін етіп тәрбиелеу керек. Мұғалімдерді балағаттаудың орнына оларды ұлықтау қажет. Олар өмір суретшілері ғой. Бүгінгі мұғалімдер ХХІ ғасырдың ортасын салып жатыр», – деп жеткізіпті өз үзбін.

Оқыған сайын ойға қаласың. Оның «Сонымен, мектепті кім реформалайды? Өз бағдарламаларымен министр ме? Әлде жеке ақиқаттарыммен мен бе?» деген сұрағын іштей қайталайсың сосын. Академиктің жеке ақиқаты дегеніміз не? Ол барлық мұғалімнің жиынтық жан-айқайы ма? Олай болса, бұл ақиқат мінберінде не айтылуы керек? Міне, осы сұрақтар бізге ұстаз беделіне нұқсан келтірер барлық кінәратты сүзгіден өткізіп, оның керектісін екшеп беруді міндеттеп тұрғандай. Ендеше, сол жүйеленуі тиіс тетіктерді атап өтелік.

Біріншіден, көптің пікірінше, мұғалім мәртебесін қорғайтын арнайы заң шығарудың қажеті жоқ. Тіпті, ол басы артық шаруа болуы да мүмкін. Егер, шын мәнінде өзгеріс керек болса, тек қолданыстағы «Білім туралы» заңға бірнеше бап қосу қажет.

Екіншіден, кемшілік үнемі жеке тұлғаның өзінде көрінбейтінін ескерсеңіз, ұстаз мәртебесі дейтін түйткілде мұғалімдердің білім, біліктілігінің төмендігі де әсер ететінін жасырмағанымыз абзал. Яғни, «мұғалімнің беделі түсіп кетті» деп күңірене беруден гөрі, саны бар сапасы жоқ мұғалімдерді дайындап, қолдарына диплом ұстатып жатқан жоғары оқу орындарының санын азайту керек. Бұл халық даналығы растап келетін «бұлақ басынан тұнады» деген сөздің айғағы.

Үшіншіден, мектепте ер мұғалімдер қатарын көбейту қажеттігі де жиі айтылады. Мұның да өз себебі бар. Отбасы тәрбиесінде әкеден «қаймығып» өсетін бала үшін мектепте де ер адамның темірдей тәртібі керек-ақ.

Төртіншіден, бұл пункт министрлік еншісіндегі басқару жүйесіндегі жүйесіздікке келіп тіреледі. Айталық, облыстық білім басқармаларын тікелей Білім және ғылым министрлігіне бағындырмай, жағдай түзелмейді. Білім басқармасы әкімдік жүйеге бағынысты болған соң, әкім-қараның маңындағы ірілі-ұсақты шаруаларды «атқарушы» да осы мұғалім. Тіпті, әкімдіктің қолшоқпарына айналуының алдында тұр десе, қателеспегеніміз болар.

Атам қазақ «Ұстазы мықтының ұстамы мықты» депті бұрынғырақта. Дұрысы да сол. Бұл да топырағы құнарлы болмай екен дәннің, мәуелеп өспейтіні секілді тәпсір. Әрі қазакең, мұңы отырықшыласып, қалаласқан күнде емес, қой соңында қоңыр күнімен жүрген күннің өзінде айта салды емес пе? Демек, мейлі қандай қоғам болса да сол шеңберде өмір сүрген әрбір адамның мықты ұстазы болуы керек-ті. Ал сіз бүгінгі Қазақстанды елестетіп көріңізші: кімнің мықты ұстазы бар? Қайсы ұрпақ ұстазын мықты деп төбеге көтеріп жүр? Егер, ұлықтай алмай жүрсе оған кім кінәлі? Бұл сұрақтар біз көтерген тақырыптың тарқатары болмақ.

Сөз басында атап өткеніміздей, мұғалім мәртебесіне байланысты көп көңілінде жатталып келетін келеңсіз жәйттердің ең негізгісін саралап беруге тырыстық. Ендігі жерде, «Ауызды ку шөппен сүртудің» амалын ғана жасамай, білім саласында нақты жүзеге асатын тиімділіктердің жағымды тұстарын да айта кеткенді жөн көрдік.

Алдымен, төккен тері мен еткен еңбегіне сай алатын жалақы мәселесінің мән-жайын анықтадық. Жаңа заң жобасында сынып жетекшілігі мен дәптер тексергені үшін төленетін ақшаның мөлшері есетіндігі көрсетілген. Қазір бастауыш сыныптарға сабақ беретін мұғалімдерге дәптер тексергені үшін 3500 теңге төленсе, енді оның мөлшері 10 600 теңгеге дейін көтеріледі. Ал 5-11 сыныптарда 4 400 теңге болса, 13 200 теңге дейін өседі. Сондай-ақ, сынып жетекшілігі үшін төленетін үстемақы да үш есеге ұлғаяды. Бастауыш сыныптарда 4 400 теңгеден 13 мың теңгеге дейін, ал жоғары сыныптарда 5 300 теңгеден 15 900 теңгеге дейін көтеріледі.

Бұдан кейінгі маңызды дүние, әрине зейнетке ерте шығу мүмкіндігі. Талай жыл бойы күші мен энергиясын сарқып, көз майын тауысқан бейнетінің зейнетін, рахатын көруді ұстаздық еткен әрбір адам асыға күтеді. Білім және ғылым министрлігі 30 жылдық еңбек өтілі бар мұғалімдерді зейнетке ерте шығаруды ұсынып отыр. Бұл да қуантарлық жаңалық. Педагогика саласына аяқ басып, саналы ғұмырымды бала тәрбиелеуге арнаймын деп бел буған студенттер үшін де жеңілдіктер қарастырылған. Мәселен, 17 жасында жоғары оқу орнына түссеңіз, 21 жасында университетті тәмамдайсыз. Осыдан кейін 26 жыл үздіксіз мұғалім болып жұмыс істесеңіз, 48 жасында зейнетке шығуға құқыңыз бар.

Мұғалім қоғамды, жас ұрпақты тәрбиелеуде қалтқысыз еңбек етуі үшін де оның материалдық және отбасылық жағдайының тұрақтылығы аса маңызды. Соны ескерген БҒМ ұстаздарды баспананан қамту мәселесін де басты назарға қойды. Енді педагогтар бастапқы жарнасыз

жеңілдетілген кредитпен үй сатып ала алады. Сондай-ақ қызметтік баспана немесе жатақхана алуға құқылы.

Педагогтің ар-намысы мен қадір-қасиетін таптамау аясындағы заң жобасын әзірлеу барысында сегіз мыңнан астам ұсыныс түскен екен. Бұл әлбетте, мұғалім мәртебесі мәселесінің мүшкіл халде екенін көрсетеді. Педагогтардың ахуалы мұншалықты көңіл алаңдатарлық болмаса, осыншама ұсыныс қайдан түсті деген сауал туындайды.

ТАҚЫРЫПҚА ТҰЗДЫҚ

Республикамызда өткен «Тамыз кеңесінен» соң редакциямызға ақ жаулықты ана келіп, педагогика саласына қатысты өз ой-пікірін, көңілге қонымды ұсыныстарын айтқан еді. 40 жыл ұстаздық еткен Хадиша Сәлімбаеваның көңілге түйген ойларының бірсыпырасын жариялағанды жөн көрдік.

- «Мен педагог боламын» деп талпынған баланы 10-11 сыныптан-ақ даярлау керек. Аттестатта қосымша факультатив сабақтар да көрсетіледі ғой. Соның орнына «Педагогикалық университетке дайындық курсынан өтті» деген белгі болуы тиіс деп ойлаймын. Болашақ педагог тек қана сабақ беру тәсілін үйреніп қана қоймай, тәрбие бере алатын ақылшыға айналуы керек. Сол себепті, ЖОО-ға қабылдар кезде міндетті түрде талапкермен сұхбаттасу кезеңін ұйымдастырған жөн деп есептеймін.

- Балаға тәрбие беру жұмысын тек ұстазға жүктеп қоюға болмайды. Бұл жерде ата-ананың да үлесі болуы керек. Сол себепті айына 2-рет ата-аналарға семинар-кеңес немесе лекция сабақтары өткізіліп, «Қайтсек балаға сіз бен біз болып жақсы тәрбие бере аламыз» деген түйткілді тарқату керек. Мектеп пен ата-ана арасында тығыз байланыс болуы қажет. Себебі, қазіргі ата-аналар – Кеңестік жүйенің тұсында тәрбиеленген адамдар. Тоқырау жылдары әр отбасы жан бағыстың қамын ойлап, базар жағалап кеткенде балаларын үйде құлыптап кететін. Баланы оқытпақ түгілі, тәбие беруге мұршасы болмады. Міне, сол заманда ер жетіп, бой түзеген балалар – бүгінгі ата-ана.

Дүйсенбі - Понедельник, 9 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

14.30 «Когда меня полюбишь ты»
 06.05 «Konil tolquny»
 06.25 «Мәселе»
 07.00 «ТАҢШОЛПАН»
 10.00, 18.10 Телехикая «Қайран күндер»
 12.00, 13.10 НИЕТ
 13.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ
 14.00, 22.30 Т/х «47 баланың анасы»
 16.00 АПТА
 16.50 100 бизнес бастауы
 17.15 «Бізбен бірге»
 20.30, 02.55 «Ашық алаң»
 21.30 Т/х «Жат мекен»
 23.30 Т/х «Құбылай хан»
 00.45 ФУТБОЛ

ЖЕТИСУ

07.05 Өн әлемі
 07.25 «Жыр-тамшы»
 07.30 «Таңжарық»
 09.00 Апта /қаз/
 09.50 «Жетісу ақын-жыраулары»
 10.00 Апта (рус)
 10.50 «Тыңдашы, айналайын»
 11.00 Д/ф «Мен ежелгі мәдениеттің куәгерімін»
 11.30 «Спорт-тайм»
 11.45 «Бала-базар»
 12.00 «Өн әлемі»
 12.45 «Полицейская служба»
 13.00 «Өн әлемі»
 14.00 «Тілсақшы»
 14.30 «Тұжырым»
 15.00 К/ф «Менің атым Қожа»
 16.30 Д/ф «Кең ауқымда»
 17.00 Жаңалықтар
 17.20 Новости
 17.35 Д/ф «Әлемдегі мәдени байлықтар»
 18.00 «Шашу»
 19.00 «Әдебиет пен адамзат»
 19.30 «Ел қамы»
 20.30 Жаңалықтар
 21.00 «Туржорық»
 21.30 Новости
 22.00 «Бірінші ханым» телехикаясы 5-бөлім
 22.45 «Нет-лайк»
 23.00 Жаңалықтар
 23.30 Новости

ХАБАР

06.00 «Тамаша»
 07.00, 10.00 «М/с»
 07.30, 08.10, 09.10 ТАҢҒЫ ХАБАР
 08.00, 12.00 Жаңалықтар
 09.00 Новости
 10.30, 19.00 Т/х «Балтакөлде бақытым»
 11.00, 23.15 «Таңғажайып әлем»
 12.25 Мегахит
 14.30, 22.30 Т/х «Бөрі»
 15.15, 21.40 Т/х «Қарлығаш ұя салғанда»
 16.00 «Ережесіз әңгіме»
 17.00 Ток-шоу «Білім»
 17.40 «Кім мықты?»
 19.30, 00.00 Қорытынды жаңалықтар
 20.10 Т/х «Пәленшеевтер»
 20.45 Тұсаукесер «Прайм тайм»
 21.00 Итоги дня
 00.40 «Ауырмайтын жол ізде»
 01.10 «Ойжүйрік»

АСТАНА

06.00 «Өн мен әзіл»
 06.30, 03.00 «Күлдірген»
 07.00, 15.00 «KazNet»
 08.00 Мультфильм
 10.00, 22.00 Т/х «Абысындар»
 11.00 Т/с «Косатка»
 12.00 Х/ф «Восхождение юпитер»
 15.20, 00.00 Т/х «Кешіккен хат»
 18.00 Т/х «Бір болайық»
 20.00, 02.00 Жаңалықтар
 20.30, 02.30 Новости «20.30»
 21.00 Т/х «Үмітінді үзбе»
 23.00 Т/х «Жаза»

31 КАНАЛ

06.00, 03.00 Ризамын
 07.00, 00.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
 08.00 Сериал «Адасқан ғұмыр»
 08.30 «Ватсап»
 09.30 «Әзілдер жинағы»
 10.30 «Келіндер бәйгесі»
 11.30 «Кім күшті»
 12.30 Сериал «Мехектің өмірі»
 13.20 Кино «Ведьма гора»
 16.00 Сериал «80-Е»
 18.00 Сериал «Ольга»
 20.00 Информбюро
 21.00 Сериал «Интерны»
 23.00 Сериал «Реальные пацаны»
 01.00 Кино «Аманат»
 05.30 Әзіл студио

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
 06.50, 03.55 «Той заказ»
 07.20 «Басты бағдарлама»
 08.00 «Доброе утро»
 11.00 «Поле чудес»
 12.00, 01.20 «Қалаулым»
 14.50 Сериал «Дипломат»
 16.55 «Пусть говорят»
 18.00 «Басты жаңалықтар»
 18.45 «Бір сұрақ»
 20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
 20.45, 23.00 Т/с «Последняя статья»
 22.00, 00.35 «П@УТИНА»

7 КАНАЛ

06.00 Q-елі
 06.30 «Қуырдақ»
 06.40, 22.40, 04.30 Т/х «Элиф»
 08.50 М/ф
 09.25 «О самом главном»
 10.40 «Вокруг света за монетой»
 12.50, 19.20 Сериал «Форс-Мажор»
 13.50, 18.15 Сериал «Мажор-3»
 15.10, 21.40 Т/х «Тек ғана қыздар»
 15.50, 03.00 Т/х «Жаңа келін»
 20.30, 21.05 Сериал «Домик на счастье»
 21.00 Лотерея 777
 00.45 «Машина времени»
 02.00 «Посольство красоты»
 02.30 «КЗландия»
 05.15 «Айнаонлайн»

КТК

07.05 «Дау-дамайсыз»
 07.30, 02.20 Т/х «Женнеттің көз жасы»
 08.00 Т/х «Қайсар жесір»
 09.50 «Смеяться разрешается»
 12.30 «Зеленая карета»

Сейсенбі - Вторник, 10 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Көңіл толқыны»
 06.30, 13.00, 17.00, 20.00, 00.35, 03.00 АҚПАРАТ
 07.00 «TANSHOLPAN»
 10.00, 18.10 Т/х «Қайран күндер»
 12.00, 13.10 «Ниет»
 14.00, 22.30 Т/х «47 баланың анасы»
 15.00, 21.30 Т/х «Жат мекен»
 16.00, 02.00 «Жан жылуу»
 16.25 «Мәдениет жауһарлары»
 16.45 «Көңіл толқыны»
 17.15 Т/х «Бізбен бірге»
 20.30, 01.10 «Ашық алаң»
 23.30 Т/х «Құбылай хан»
 00.20 «100 бизнес атауы»
 02.20 «Ақсауыт»
 02.40 «Көңіл толқыны»

ХАБАР

06.00 «Тамаша»
 07.00, 10.00 М/с «Макс Грин и инопланетяне»
 07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар»
 08.00, 12.00 Жаңалықтар
 09.00 Новости
 10.30, 19.00 Т/х «Балтакөлде бақытым»
 11.00, 23.15 «Таңғажайып әлем»
 12.25 Д/ф «Амангелді Айталы 80 жас»
 13.00 Кино «Вербное воскресенье»
 14.45, 22.30 Т/х «Бөрі»
 15.30, 21.40 Т/х «Қарлығаш ұя салғанда-2»
 16.10 «Ережесіз әңгіме»
 17.00 «Қоғамдық талқылау»
 17.40 «Кім мықты?»
 19.30, 00.00 Қорытынды жаңалықтар
 20.10 Т/х «Пәленшеевтер»
 21.00 Итоги дня
 00.40 «Ауырмайтын жол ізде»
 01.10 «Ойжүйрік»

АСТАНА

06.00, 03.30 «Өн мен әзіл»
 07.00, 03.00 «KazNet»
 07.40 «Әзілстан»
 08.40, 12.50 М/ф «Маша и медведь»
 10.00, 22.00 Т/х «Абысындар»
 11.00 Т/с «Косатка»
 12.00 «Той жыры»
 14.10, 23.00 Т/х «Жаза»
 15.20, 00.00 Т/с «Кешіккен хат»
 18.00 Т/х «Бір болайық»
 20.00, 02.00 Жаңалықтар
 20.30, 02.30 «Новости 20.30»
 21.00 Т/х «Үмітінді үзбе»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
 06.40, 03.55 «Той заказ»
 07.10, 18.00 «Басты жаңалықтар»
 08.00 «Доброе утро»
 11.00 Т/с «Волшебник»
 12.00, 01.20 «Қалаулым»
 14.50 Т/с «Дипломат»
 16.55 «Пусть говорят»
 18.45 «Бір сұрақ»
 20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
 20.45, 23.00 Т/с «Последняя статья журналиста»
 22.00, 00.35 «П@УТИНА»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
 07.30 02.20 Т/х «Женнеттің көз жасы»

ҚАЗАҚСТАН

08.00 Т/х «Қайсар жесір»
 09.50 Новости (повтор)
 10.30 «Шеф-3»
 12.40 Х/ф «Тайная любовь»
 14.40 «За три дня до любви»
 16.45, 01.20 Т/х «Өкініш»
 18.00 Т/х «Қара теңіз»
 19.30 Кешкі жаңалықтар
 20.00, 02.45 «Астарлы ақиқат»
 21.00 Вечерные новости
 21.40 «Шеф-3»
 23.40 «Тайная любовь»
 03.30-04.30 «КТК қоржынынан»

ЖЕТИСУ

07.05 Өн әлемі.
 07.25 «Жыр-тамшы»
 07.30 «Таңжарық»
 09.00 Жаңалықтар
 09.30 Новости
 10.00 Туржорық
 10.30 «Әдебиет пен адамзат»
 11.00 «Бірінші ханым» телехикаясы 5-бөлім
 11.45 «Бала-базар»
 12.00 «Ел қамы»
 13.00 «Шашу»
 14.00 «Ел мен жер»
 14.30 «Желі-KZ»
 15.00 «Өн әлемі»
 15.45 Д/ф «Әлемдегі мәдени байлықтар»
 16.00 «Бай-қуатты болайық»
 16.45 «Үшінші көз»
 17.00 Жаңалықтар
 17.20 Новости
 17.35 Д/ф «Әлемдегі мәдени байлықтар»
 18.00 «Шашу»
 19.00 «Диалог»
 19.30 «Оқырман»
 20.30 Жаңалықтар
 21.00 «Экорейд»
 21.30 Новости

31 КАНАЛ

06.00, 02.40 «Ризамын»
 07.00 Информбюро
 08.00 Т/с «Адасқан ғұмыр»
 08.30 What's App
 09.30 «Әзілдер жинағы»
 10.30 «Келіндер бәйгесі»
 11.30 Кім күшті
 12.30 Т/х «Мехектің өмірі»
 14.30 М/с «Тимон и Пумба»
 15.00 М/с «Стич»
 16.00 Т/с «80-е»
 18.00 Т/с «Ольга»
 20.00 Информбюро
 21.00 Т/с «Интерны»
 23.00 Т/с «Реальные пацаны»
 01.00 Кино «28 Панфиловцев»
 05.30 «Әзіл студио»

7 КАНАЛ

06.00 Скetchком «Q-елі»
 06.30 «Қуырдақ»
 06.40, 22.40, 04.30 Т/х «Элиф»
 08.50 М/ф «Леди Баг и Суперкот»
 09.25 «О самом главном»
 10.40, 00.45 «Машина времени»
 11.50, 02.00 «Посольство красоты»
 12.50, 19.20 Т/с «Форс-Мажор»
 13.50, 18.15 Т/с «Мажор-3»
 15.10, 21.40 Т/х «Тек қана қыздар»
 15.50, 03.00 Т/х «Жаңа келін»
 20.30, 21.05 Т/с «Домик на счастье»
 21.00 Лотерея 777
 02.30 «KZландия»
 05.15 «Айнаонлайн»

Сәрсенбі - Среда, 11 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

14.40 «За три дня до любви»
 16.45, 01.20 «Өкініш»
 18.00 «Қара теңіз»
 19.30 Кешкі жаңалықтар
 20.00, 02.45 «Астарлы ақиқат»
 03.30-04.30 «КТК қоржынынан»

ХАБАР

06.00 «Тамаша»
 07.00, 10.00 М/ф «Макс Грин и инопланетяне»
 07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар»
 08.00, 12.00 Жаңалықтар
 09.00 Новости
 10.30, 19.00 Т/х «Балтакөлде бақытым»
 11.00, 23.15 «Таңғажайып әлем»
 12.25 «Алтын бесік»
 13.00 Кино «Вербное воскресенье»
 14.45, 22.30 Т/х «Бөрі»
 15.30, 21.40 «Қарлығаш ұя салғанда»
 16.10 «Ережесіз әңгіме»
 17.00 «Одна история» с Майей Бекбаевой
 17.45 «Кім мықты?»
 19.30, 00.00 Қорытынды жаңалықтар
 20.10 Т/х «Пәленшеевтер»
 20.45 Prime time
 21.00 Итоги дня
 00.40 «Ауырмайтын жол ізде»
 01.10 «Ойжүйрік»

АСТАНА

06.00, 03.00 «Өн мен әзіл»
 07.00 «KazNet»
 07.40, 03.00 «Әзілстан»
 08.40, 13.00 М/ф «Маша и медведь»
 10.00, 22.00 Т/х «Абысындар»
 11.00 Т/с «Косатка»
 14.10, 23.00 «Жаза»
 15.20, 00.00 «Кешіккен хат»
 18.00 Т/х «Бір болайық»
 20.00, 02.00 Жаңалықтар
 20.30, 02.30 Новости «20.30»
 21.00 Т/х «Үмітінді үзбе»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
 06.40, 03.55 «Той заказ»
 07.10 Басты жаңалықтар
 08.00 «Доброе утро»
 11.00 Т/с «Волшебник»
 12.00, 01.20 «Қалаулым»
 14.50 «Дипломат»
 16.55 «Пусть говорят»
 18.00 Басты жаңалықтар
 18.45 «Бір сұрақ»
 20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
 20.45, 23.00 «Последняя статья журналиста»
 22.00, 00.35 «П@УТИНА»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
 07.30, 02.20 «Женнеттің көз жасы»
 08.00 Т/х «Қайсар жесір»
 09.50 НОВОСТИ
 10.30, 21.40 «Шеф-3»
 12.40, 23.40 «Тайная любовь»

ЖЕТИСУ

07.05 Өн әлемі.
 07.25 «Жыр-тамшы»
 07.30 «Таңжарық»
 09.00 Жаңалықтар
 09.30 Новости
 10.00 «Экорейд»
 10.30 «Диалог»
 11.00 «Бірінші ханым» телехикаясы 6-бөлім
 11.45 «Бала-базар»
 12.00 «Оқырман»
 13.00 «Шашу»
 14.00 «Бағбан»
 14.30 «Құтқару қызметі»
 15.00 «Балдәурен»
 15.45 Д/ф «Әлемдегі мәдени байлықтар»
 16.00 «Жетісу зертханасы»
 16.30 «Ауылдағы ағайын»
 17.00 Жаңалықтар
 17.20 Новости
 17.35 Д/ф «Әлемдегі мәдени байлықтар»
 18.00 «Шашу»
 19.00 «Ұлт пен рух»
 19.30 «Құтты қонақ»
 20.30 Жаңалықтар
 21.00 «Арнайы репортаж»
 21.30 Новости
 22.00 «Бірінші ханым» телехикаясы 7-бөлім
 22.45 «Нет-лайк»
 23.00 Жаңалықтар
 23.30 Новости

31 КАНАЛ

06.00, 02.40 «Ризамын» (каз)
 07.00 Информбюро
 08.00 Т/с «Адасқан ғұмыр»
 08.30 «Whats app»
 09.30 «Әзілдер жинағы»
 10.30 «Келіндер бәйгесі»
 11.30 «Кім күшті?»
 12.30 Т/с «Мехектің өмірі»
 14.30 М/с «Тимон и Пумба»
 15.00 М/с «Стич»
 16.00 Т/с «80-е»
 18.00 Т/с «Ольга»
 20.00 Информбюро
 21.00 Т/с «Интерны»
 23.00 Т/с «Реальные пацаны»
 00.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
 01.00 Кино «Охота за призраком»
 05.30 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 Скetchком «Q-Elі»
 06.30 «Қуырдақ»
 06.50, 22.40, 04.30 Т/х «Элиф»
 08.50 М/ф «Леди Баг и Супер кот»
 09.25 «О самом главном»
 10.40, 00.45 «Машина времени»
 11.50, 02.00 «Посольство красоты»
 12.50, 19.20 Т/с «Форс-Мажор»
 13.50, 18.15 Т/с «Мажор-3»
 15.10, 21.40 Т/х «Тек қана қыздар»
 15.50, 03.00 Т/х «Жаңа келін»
 20.30, 21.05 Т/с «Домик на счастье»
 21.00 Лотерея ЛОТО 6/49/777 KENO
 21.40» Зын-зын Күлпәш»
 02.30 «KZландия»
 05.15 «Айнаонлайн»

ЖЕГІҚҰРТ

Әрине, бәріне бірдей топырақ шашудан аулақпыз. Десе де, «мұрның барда бір сіңбіріп қал» дегендей, қазір қалың бұқара мемлекеттік қызметте жүргендерге сеніммен қараудан қалған. Қызметке тұру үшін де пара береді. Қызметке тұрған соң сол берген парасын қайтарып алу үшін түрлі айла-шарғыға барады деп айтып жүр. Бір кездері жемқорлықпен күресте тек шабақтар торға тоғытылып, шортандар емін-еркін жүзіп жүрді. Заң қатайып, шортаны да, ақуласы да, киті де ұсталғанда елді ішіп-жеп, бюджет қаржысын жымқырғандар жең ұшынан жалғасқан жемқорларға қараша қауым «Өп, бәрекемді, киттер де тұтылды. Енді жемқорлық сап тыйылатын шығар» деген. Қайдам, заң қатқылданған сайын жемқорлар мен жемірлер қолға түсіп қалған жағдайда, он есе, ары кетсе елу есе айыппұл төлеп темір тордан сытылып шығатын болды. Тек мемлекеттік қызметке қайтып жоламайды. Ал, көрші Қытайда мемлекеттік қызметте жүріп жемқорлықпен шатылғандарды бұқара халықтың алдында сот үкімімен атып тастайды. Осыдан кейін дүниежүзінде жемқорларға қолданатын жеңіл жаза тек біздің Қазақстанда ма деген ойға қаласың.



ЖАЛАҢ ҰРАН

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖОЯ АЛМАЙДЫ

Мақала басында Қазақстанда жемқорлықпен былғанбаған мекеме жоқ деп айттық. Аты шулы «Қорғас ісі», «Фасыр дерті» атанған кедендегі 45 лауазымды тұлғаның сотталуы мемлекеттік қызметкерлердің бет бейнесін көрсетіп берді. Алматы облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрғасы Советхан Сәкеновтің «Заң мен ар алдында» атты «Қорғас ісі» жөніндегі кітапты оқып отырып төбе шашым тік тұрды. Мемлекет мүддесін көздейді, қауіпсіздікті қадағалайды деген Қауіпсіздік комитетінің белді қызметкерлері осы қылмыстың бел ортасында жүреді. Олардың жасырын аттары да бар. Иә, тұтылды, тиісті жазасын алды дерсің. Бірақ, шекаралық аймақта қырағылық танытатын бас кеденшімен ауыз жала-сып, мемлекетке миллиардтаған шығын келтірген, тек өздерінің бас қамын көздеп, баюдың түрлі айла-шарғысын көздеген жемқорлар мемлекеттік қызметшіден, қауіпсіздікті қадағалайтын органнан шығып жатса кімге сенуге болады? Қыл аяғы ауыл әкімдері де жер сатып, тұтылып жатыр. Мәселен, 2018 жылы Б. Ж. есімді 1962 жылы туылған, білімі жоғары, Қарасай ауданы Елтай ауылдық округінің әкімі өзіне деген қоғамның сенімділігін үзіп, мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасаған. Яғни 2015 жылы Т. Куртебаев пен С. Бупенеев «Көкөзек» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры А. Кашкеевтен жалпы көлемі 82, 2950 га тауарлық ауыл шаруашылығын жүргізуге арналған жер телімін 3 000 000 теңгеге келісім шарт жасау арқылы сатып алады. Т. Куртебаев пен С. Бупенеев аталған жер телімін әрі қарай сату мақсатында Қарасай аудандық жер қатынастар бөлімінен осы жер телімдерінің тауарлық ауыл шаруашылығын жүргізуге арналған мақсатты жер телімдеріне бөліп, әрі қарай сатуға рұқсат алған. Заң аясында жұмыс жасаған С. Бупенеев пен Т. Куртебаев жер кодексінің 37-бабына сәйкес, жалға берілетін жер телімін үйлердің, құрылыстар мен ғимараттардың меншік иелері сатып алатын жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік меншіктегі жер телімін сату кезінде осы жер телімін жалға алушының ортақ меншік құқығындағы үлесін бөгде тұлғаға сату үшін Қазақстанның азаматтық заңдарына белгіленген тәртіппен оны

алуға басым құқығына сай Көкөзек ауылының тұрғындарының қатысуымен өткен жиында жер телімдерін бөлген. Олардың аттарына аударып, әрі қарай сатуға, құжаттарды рәсімдеуге Т. Куртебаевтың атына нотариус Е. Жуматаев арқылы сенімхаттар жаздырып алған. Осы мақсатпен Елтай ауылдық округінің әкімі Б. Ж-ға барған. Т. Куртебаевтың сұрауы бойынша жер телімдерінің бағыты оның шешімсіз өзгермейтінін түсінген әкім қызметтік бабын пайдаланып, қасақана пайдақорлық ниетпен жер телімдерінің мақсаттық бағытын өзгерту, яғни заңды іс-әрекеті үшін жер телімдерінен бір жер телімін өзіне пара ретінде беруге талап қойған. Егер жер телімін бермеген жағдайда оның өтініші қараусыз қалдыратынын айтады. Ауыл әкімінің талабына Т. Куртебаев амалсыз келіседі. Құлығына құрық бойламаған ауыл әкімі жер телімін өз атына аудармау мақсатында, қол астындағы қызмет атқаратын күзетші Т. Ахметовамен жең ұшынан жалғасып Т. Куртебаев пара ретінде беретін жер телімін өз атына жаздыру арқылы қылмысқа көмектесуші ретінде жәрдем сұраған. Көздеген мақсатына жеткен соң Б. Ж. мұнымен тоқтамай ауыл тұрғыны Ж. Джлубаева мемлекеттік қордан ақысыз тұрғыда «Көктоған» кентінен өзінің атына 2 жер телімін және туыстары А. Кеңесов, Н. Медетбаева, Н. Әділбайдың аттарына жер телімдерін алуға ниет білдіріп, округ әкімі Б. Ж-ға өтініш жазған. «Дәніккен қарсақ құлағымен ін қазады» дегендей, тағы да қызметтік бабын пайдаланған лауазымды тұлғаның араны ашылып Ж. Джлубаева сұрған жер телімдерін мемлекет қорынан алып беруге жасаған заңды іс-әрекеті үшін 300 000 теңге көлемінде пара деметеді. Бұл қылмысқа тағы да күзетшісі Т. Ахметованы тартады. Т. Куртебаевтан ірі мөлшерде 20 563 000 теңгеге бағаланған жер телімін әрі Ж. Джлубаевадан 300 000 теңге көлемінде ірі пара алған экс-әкім ҚК-нің 366-бабы, 3-бөлігінің 1,3,4-тармақтарында көзделген қылмысты жасаған. Сот үкімімен 7 жылды арқалаған ауыл әкімі тұтылды.

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімшілігі ауыл шаруашылық бөлімі мемлекеттік мекемесінің бөлім басшысы А. Н. уәкілеттік берілген адам бола тұра ашкөзденіп қылмысқа барған. 2018 жылы өзінің қылмыстық ойын жүзеге асыру

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІНДЕ ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН БЫЛҒАНБАҒАН МЕКЕМЕ ЖОҚ. МЕМЛЕКЕТ ҚЫЗМЕТКЕРІ ТЕК МЕМЛЕКЕТТІҢ ӨРКЕНДЕУІНЕ СУБЕЛІ ҮЛЕС ҚОСЫП, АДАЛ ДА АБЫРОЙЛЫ ҚЫЗМЕТ АТҚАРУЫ КЕРЕК. ӘРІ КІРШІКСІЗ ТАЗА БОЛУҒА ТИИС. 2015 ЖЫЛҒЫ 23 ҚАРАШАДАҒЫ «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЗАҢЫНЫҢ 52-БАБЫНА СӘЙКЕС, «МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ КӨРІНІСТЕРІНЕ ҚАРСЫ ТҰРУҒА, СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ, ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРҒА ЖОЛ БЕРМЕУГЕ ТИИС» ДЕП ТАЙҒА ТАҢБА БАСҚАНДАЙ ЖАЗЫЛҒАН. АЛАЙДА, МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТ БАБЫН ПАЙДАЛАНЫП, СҰҒАНАҚТЫҒЫ МЕН СЫБАЙЛАСТЫҒЫН КӨРГЕНДЕ «ҚАСҚЫРҒА ҚОЙ БАҚТЫРҒАНДАЙ» КҮЙ КЕШЕСІҢ.

мақсатында «Райымбек өнімдері» ЖШС директоры өзіне таныс Еркін Закенді Есік қаласындағы дәмханалардың біріне шақырады. Кездесу барысында А. Н. Е.Закенге егін шаруашылығын жүргізу үшін «Райымбек өнімдері» ЖШС-не тұқым мен гербицид сатып алуға мемлекет тарапынан берілген субсидия көлемінің 10 пайыз сомасын өзіне беруді талап етеді. Субсидия алу үшін барлық құжат А. Н-нің қолынан өтетіндігін біліп, амалы таусылған Е. Закен 10 пайызды беруге келіседі. Межелі уақытта 2 700 000 теңге ақша дербес шотына түскендігін хабарлап, сол берілген 2 млн. 700 000 теңге субсидияның, яғни, 270 000 теңгені Алматы қаласы Пушкин көшесінің бойында орналасқан орталық мешіттің жанына алып келуді айтады. Осы арада сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы департаменті тұтқандықтан Найзабеков сот залынан бір-ақ шығады. Өзінің қызметтік өкілеттігін асыра пайдаланған әрі жасаған қылмысын мойындап ҚР ҚК-нің 366-бабының 2-бөлігімен әрі жасаған қылмысына шын ниетпен өкінетін ҚР ҚК-нің 53-бабының талабына сай жағымды мінездемесі көмелеттік жасқа толмаған 4 баласының барын ескерген. Сот қылмыстық жауаптылық жазасын ауырлататын мән-жайлар анықталмағандықтан А. Н-ны кінәлі деп танып, мүлкін тәркілемей, параның қырық еселенген сомасын 10 800 000 теңге мөлшерінде айыппұл түріндегі жаза белгілеп, өмірбойы мемлекеттік қызмет атқару құқығынан айырды.

Мақала барысында кеден туралы айтқанбыз. Бірақ, кедендегі жемқорлық әлі тыйылмай тұр. Себеп, сол ашкөздік. № 250 «Кеден одағының» кедендік ше-

карасы арқылы жеке тұлғалар өткізетін тауарларға қатысты критерийлерді белгілеу туралы» бұйрықтың талаптарын бұзған, А. Абуназаров, А. О. Көксегенов және Ж. Иманқұлов Алматы облысы бойынша МҚД «Алтынкөл» кеден мамандары, лауазымды тұлғалар жауапқа тартылған. Бұл шенділер ҚР аумағына әкелуге тыйым салынған дәрі-дәрмектерді, атап айтқанда, 10 дана вагиналды таяқшаларды қол жүгімен тасымалдаған Е. Нарымбетовтен 10 000 теңге пара алған. Параны алушы Абуназаров пара берушінің заңсыз іс-әрекетін жасырып әкімшілік жауапкершілікке тартпай қызметтік өкілеттігін пайдаланып әріптесі А. Көксегенов сөз байла-сып алған параны тең бөліп алған. Дәл осындай заңсыздықты қайталаған А. Көксегенов Х. Надировадан 5000 теңге пара алған. «Ауру мысқылдап кіріп, дендеп шығады» дегендей, А. Абуназа-

ров Т. Жаманқұловадан 40 000 теңге, А. Көксегенов пен Ж. Иманқұлова екеуі 3. Ибрагимовадан 10 000 теңге пара алып екеуара бөліскен қылмыстары үшін ҚК-тің 36-бабының 3-бөлігінің 2 және 4-тармақтары бойынша кінәлі деп танылып, А. Абуназаров пен А. Көксегенов 8 жыл, ал Ж. Иманқұлова 7 жыл бас бостандығынан айырылды.

ТҮЙІН ОРНЫНА:

Міне, бүгінгі қоғамдағы жемқорлардың айылы әлі жиылмай тұр. Керісінше, бұл дерт күннен-күнге асқынып барады. Жоғары эшалоннан бастап әкімдік жүйе, қыл аяғы денсаулық пен білім саласына жұлынға кірген жегіқұрттай болған жемқорлық тыйылмай, мемлекеттік экономикасы да, бюджеті де толықпайды. Шырмауықтай шырмалып, жең ұшынан жалғасқандар, бармақ басты көз қыстылармен күресу, оларды түп тамырымен жойып жіберу мүмкін болмай тұр. Тендер ойнатудағы шапка беру, жұмысқа тұрудағы пара беру мен алушылар, субсидия берудегі берекетсіздік, басың ауырып, балтырың сыздаса ауруханадағы, білім саласындағы былықтар халықтың көз алдында болып жатыр.

«Жемқорлық – жегіқұрт. Онымен халық болып күресейік» деп ұран тастап жүрген шенділердің өзі әрі құқық қорғау органдарының ішіндегі қолы да, ары да таза еместері жемқорлықтың ұйытқысы болып тұр.

«ӨГІЗӨКІРГЕНДЕГІ»

Жалғасы. Басы өткен санда

ҚЫРҒЫН

Сол түні Құндақбай шала ұйықтады. Ара-тұра дөңбекшіп, бірер мәрте жатқан жерінен басын көтеріп, түрегеліп отырды, сосын қайта қисайды. Құндақбай және осы Үлкен Быжыдағы үш көсем, жалайыр адамдары – Уәли, Қиялбай, Серғазы – бәрі төртеу болып, бұлар да өздерінше сақтық жасағансып, ашық аспан астында, аттарының ерін сыпырмай, әрі шылбырды қолда ұстап жатқан еді. Ертеңгі көш қарбаласқа сақадай сай тұрсын деген оймен жұрттың ұйқыға ертерек қисаюын да қамдаған. Бүгінгі түннің тыныштығы, қараңғылығы бұлар үшін де ырзыққа баланғандай. Тек неге ұйқы қашты? Құндақбай соны ғана түсінбейді. Әлденеден шошынды дейтіндей бұл алғашқы көрген құқайы емес қой.

Иә, түн тастай қараңғы. Осы Үлкен Быжы жағалауында шалқалай жатып аспанға көз тіксең қалың жұлдыз өзгеше бір патшалықтың ұлан-асыр тіршілігіне ұқсайды. Әлдебір заттан ғажайып қанат байлап, сол тіршіліктің қақ ортасына топ етер ме еді деген қиялға да берілесің. Енді қалай, ондағы тірлік мұндағы тірліктен әлдеқайда әсем көрініс беретіндей. Ондағы қарбалас та, тіпті даудамай да, құда-құдағилардың алыс-берісі де, қыз бен жігіттің сұхбаты да, махаббат үшін жан құрбан дейтін жалынды жүректердің өзара тайталасы да, мал үшін, қызыл дән – алтын астық үшін отқа, суға түсуші кедей-кепшіктің дамылсыз бейнеті де күміс алқаға бөленгендей көздің жауын алатын тәрізді. Әлдебір айтыскер ақындардың әуезді үні, қазақтың, басқаның емес, дәл қазақтың қос ішекті домбырасының шанағынан ұшқан күй сазы кенет тұла бойынды тебіреніп, өзіне шақырғандай құлшындырады. Иә, жаратушы ием, алла-тағала, құдай кейде өмірдің алтын жауһарлы қызық-шыжық атаулысын жердегі күнәһар пенделерден қызғанып, сол аспандағы жұлдыздар патшалығына бір-ақ көтеріп апарып тастаған ба дерсің.

Мұндай ойға берілуің тегін емес. Себебі, жердегі адамдардың қам-қарақетінен, бір-біріне жасаған озбырлығынан құдай түгілі сол адамның өзі жиіркенсе қайтерсің? Әйтпесе осы Қоғалы аңғары, Күреңбел жазығы тәрізді әсем жаратылысты көзі қиып сонау күншығыс беттен төнген алып аждаһаның өңешіне барып тығылуды қай күнәһар қазақ қалар еді? Міне, сол Қоғалы аңғары мен Күреңбел жазығының бір пұшпағы – мына Үлкен Быжы сайының өзі қандай? Егер таңертеңгілік шырты ұйқыдағы ел елең-алаңнан дүрк көтеріліп, аяқты малға өңгеріліп, жиған-терген мүлкінің жарым-жартысын тастап, қозғалып берсе іштеріндегі көңілі босандаулары сонау «Өгізөкірген» қуысына тас тасыған өгіздерше өкірмесіне кім кепіл? Оларға басу айтар жан иесі табылар ма екен? Басу айтудың орнына екі иықтары селкілдеп, көздерінен жас бұршақтап, еңкілдеп, өздерінің жыламасына кім кепіл? Өткен-өткен замандарда, әлгі «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» атты заманда солай болған деуші еді. Әлде қазақтың бір-біріне деген тар пиғылы үшін құдай сол нәубетті өз қолымен көтеріп әкеп, бастарына қайта орнатты ма?

Құндақбай осындай әрқилы қиял, сауалдардың қамауында едеуір уақыт ұттырып, қалайда тез ұйқыға берілудің қамын жасады. Басы-көзін тұмшалағансып, қиял атаулыны қолын сілке алысқа қуалап, көзін тас қып жұмып қыбырсыз жатты. Тек әлдебір жыбыр-жыбыр үн құлағын аймалап мұны ұйқыға жібермейді. Әлдебір адам сұлбалары көз алдында көлбенедеп, бұдан сыр тартпаққа төбесінен төнгендей, тіпті олардың тыныс алғандағы жылы лебі құлағының түбінен ескендей мазалайды. Ау, бұларға керегі не? Қараңғысайда өз сайыпқырандарымен бұғынған шұңғылдан шақырып алған өздері емес пе? Құстай ұшып бұл осында келгеннен кейінгі тірлік те белгілі. Екі күн бойы

бұлар буынып-түйінді. Айдаудағы мал қай бағдармен мамырлайды, көш қай сүрлеу-соқпақтармен сырғиды, анау-мынау қақтығыс үстінде Құндақбайдың өзі бастаған қарулы топ қалай қимылдайды, бәрі-бәрі бүгешігесіне дейін сарапталып тізбеленді емес пе? Бұлардың алдын-ала көріп, біле алмаған тосын пәлесі тосса сәлдегіне шоқ түскен молдадай шоршитын бұлар емес. Біраз құқайды бастан кешті ғой. Сәлеміне қарай жауабы болмақ! Не құқайды да оның порымына орай көтеріп алмақ. Сонда да кім білсін, алдында сегіз бейіш, отыз тозақ бар деген аталардан сөз қалған. Солардың қайсысына жол тартылып тұр? Мынау бүгінгі ұйқысыздық әлдебір жамандыққа меңзей ме? Құндақбай ешқашан сәждеге басын тигізбеген жан. Сонда да осындай әлдебір үркіншілік, қауырт қозғалыс қарсаңында құдайды еске алатын еді. Енді қалай, осы жасында-ақ мұны сан ажалдан сол құдайдың өзі арашалады емес пе? Әлде бүгінгінің жөні бөлек пе?

Құндақбай ұйқыдан өзгеге орын жоқ осындай тастай қараңғылықта да әлдебір ақыл қосқанды керексінді. Өзіне ең таяу сұлаған Уәлиге тіл қатты:

– Әй, жаным Уәли, Ұлы жүздің, қала берді үш момын, үш жүздің ноқта ағасы Жалайыр атаның тұқымысың ғой, мазалағаным үшін айып етпе, қара тас қандай қатты болса менің ұйым да сондай еді, қара тас та ұра берсең уатылар, ал менің ұйым одан да берік еді, ал бүгін сол пәленің көбелекше ұшып-қонып тыныштық атаулыны біржола тәрік еткені қалай? Бұл ненің белгісі? Әлде біз осынша елді дүрліктіріп, Алла-тағаланың қаһарына ұшырағалы тұрмыз ба? Соның тықыры ма? Не сезігің бар, турасына басшы!

Уәли өзінің ныспысы аталғанда-ақ жерден басын жұлып алған. Қиялбай мен Серғазы да солай. Сөйтсе бұлардың үшеуі де ат тізгіндері қолында, ұйқысыраған болып, тапжылмай мына Құндақбайдың қалпын бағып жатыпты. Иә, оларды да ұйқысыздық меңдепті. Аспанда жыпырлаған қалың жұлдыз, жерде мына төртеу, бір-біріне қол жеткізе алмай, әрі тіл қатуға да дәрменсіз, жар жағалаған жетімдей дәрменсіз күйде екен. Жерден шөп іліп жемек аттары да тізгін жетердегі қылтанақтарды тауысқасын, амалдың жоқтығынан бұлар да бастарын анда-санда бір шұлғып қойып, тұнжырай пысықырып, әрі-сәрілікпен арылар еместей. Уәли өзін ұйқыға басқанға ұқсатпай бірден сергек жауап қайырды:

– Біз бұл дүрмекке бүгін ғана тәуекел еткеніміз жоқ. Ала жаздай екі өкпемізді қолымызға ұстап, оннан-мұннан ақыл-кеңес сұрап, шыр-пырлап жүріп тіледік қой! Шешінген судан тайынбас! Жығылған ұй, буынып-түйінген ел! Бәрі сақадай сай! Енді қайтсін, күні кеше ғана құдайды құлағынан ұстадым деп, масайраған бай-манаттардың біразы сонау Сібірге жалаңаяқ қар кешуе кетті. Сосын да мал-жанның амандығын ойлап, мынау нәубет сабасына түскенше бой тасалауға уағдаластық! Өзің де соған нұсқадың! Қытайға жиі барғыштап жүрген өзіңсің!

– Уәкендікі дұрыс! Бір нәубеттен соң тағы бір нәубетті сыбағаға тартатындай біз құдайдың ала танасын ұрлаппыз ба? Енді елдің бетін қайтаруымыз жөнсіз! – деп, жалайыр-мырза Қиялбай да сусылдады.

– Құдай құлым десе пайғамбардың

үмбетім демесеке лажы бар ма? Қытайдың ақ жібекке малынған хан-патшалары қазақтардың көшіп келуін хош көретін тәрізді ғой. Бізді онда бірер жылша сыртқа теппес! – деп, бұған жақын туысқан Серғазы да үн қатты. Бұл соңғысының сөзі таусылар-таусылмаста Құндақбай тараптан мырс-мырс күлкі білінді. Кәдімгі тышқанның шиқилы тәрізді. Уәли, Қиялбай, Серғазы үшеуі бірден түн екен, қараңғы екен демей, өзара түр-түстерін қыл-қыбырына дейін ажыратып отырғандай-ақ бір-бірін көз жанарларын оқтай адақтады. «Тәңірім-ау, мынадай күлкіні алмағайыбы көп, бек нәзік, бек шетін жол қарсаңында Құндақбай қайдан суырып алды» деп, жалайырдың бұл үш нояны бір-біріне сұрау салғаны анық. «Әлде Құндақбай адам заттыға тән емес қырлары көп, жаратылысы бөлек, өз ортасына сыйыспайтын жан иесі деген лақап хас шындық па? Әйтпесе, бұл есі дұрыс адам үшін күлкінің уақыты ма еді?»

– Аға баласы атанған тарланбоздарым-ай! Ертеде біреу ұзатылып бара жатқан қызын қимай жыласа, екінші біреу «әй, сен қызым кетті деп жыласаң, мен осы шалағай қызың қайтып келе ме?» деп жылаймын деген екен. Сол айтқандай сендер шекарадан әрідегі шүршіттерден секемденсеңдер, мен сол жақтың дәм-тұзы мына қалың ұйқының құшағындағы сығырларға бұйырар ма екен деп тұлабойым әлсін-әлсін мұздайды. Менен ұйқы қашты ғой, бұл бұрын менде болмаған құбыжық! Жамбасыма тас батқандай ма, бұл не?

Құндақбайдың бүйтіп бүйректен сирақ шығаруы Уәли, Қиялбай, Серғазы – үшеуіне ызғардай есті. Сәлден соң Құндақбай қайта тілге келді:

– Сендер заман ауанын жете бағамдап, көкіректеріңе құя алмапсыңдар! – Бұл қағытпадан мына үшеудің көздері одан әрмен атыздай болғанын Құндақбай ойша елестетті. Сонда да өз қағытпасы үшін өкінбеді, әлденеден қобалжыған басы бұлар не құқайға да әзір болсын деген райы. Бірақ қалайда, кеудесіне шемен боп байланған бірдеме бары рас еді.

Қызыл-қаңлы Құндақбай Төленді ұлының іш дүниесіндегі сойқанды осындағы үш жалайырдың ең естияры Уәли дәл таразылады ма, әйтеуір, өз тарапынан бір сөз кіріктірді:

– Біздің бір арқа тұтарымыз өзіңсің ғой, Құндақбай шырақ! Екінші бір қармар талымыз бізді Көксу бойында қарсы алмақ әлгі Бұлғақбай Білдебай баласы. Ол түбі жалайыр-мырза да, ал достық, сырластық жағынан өзімен тонның ішкі бауындай. Ол да сенің мақтауыңды жеткізді. Құндақбайдың етегінен ұстасаңдар жау алмайды деді. Біз құдай жазса таң сыз бере мына Үлкен Быжыдан сәл теріскейге аунап, сондағы сай-саланы қуалап, Мұқырыдан өтіп, Көксуға жетсек сол маңда Бұлғақбай бізді өзі қарсы алмақ. Одан әріге жол сілтер де, жөн айтар да соның өзі. Біз Үлкен Быжыдан неге бірден теріскейге аунаймыз, оған себеп, мына құбыла беттегі күнгейде, Айнабулақ дегенің ол да бір пәленің ошағына айналды. Ала-құла келімді-кетімділері көп. Сосын да көп көзден таса жолды іздейік деген сақтық қой біздікі!

Осымен сөз тыйылды. Сәлден соң бұл төртеуді де ұйқы жөңді. Әсіресе Құндақбайдікі шынында қатты еді, үстінен тау құласа да былқ етпестей тырайып домаланған күйде. Тек әлдебір шамада бұл түс көріп, бет-жүзі таныстау қас-қабағын қалың жүн басқан тым егделеу біреу бұған аян берді: «Әй, Құндақбай,

басыңды жерден ала тұр. Сен оқтан өлмейсің, сен теріс пиғылды қас дұшпандарыңның қылығынан жабысқан сәл-пәл созылмалы дерттен өлесің» деп, сұқ саусағын мұның көзіне тақап шегелеп айтты. Сосын сол егделеу кісі қос жанарын жалтыратып, бізді біреу аңдып тұрған жоқ па дегендей жан-жағын күдікпен шолып сөзін жалғастырды: «Анау жалпақ маңдайыңда бір қыл желбірейді, соны абайлап үзіп, қолы шипалы біреуге жауырыңа тіктіріп қой». Сөйдеді де көзден өшті. Көрген түсі тез үзілмей Құндақбай бұл егде кейуананы кімге ұқсатарын білмей ұзақ тықыршыды.

Құндақбай өзіне ең таяу Уәлидің дауысынан ояңды:

– Пышаққа ілінгір, мынау қайтеді? – деп күйінген Уәли өзін баса-көктей омыраулаған атының тізгінін сілкілей орнынан көтеріліп еді. Қарғыс сөз қашанда қазақтың жанқалтасында жүреді, өзінің бұт артар жан серігін тап бүгін қарғысқа қию құдай екеш құдайдың өзіне де ұнамауы мүмкін-ау. Орнынан атқып түрегелген Құндақбайдың басында осындай суық ой жүргірі. «Жә, ол бір басқа, ендігі тірліктің бет-ажары қандай?» Таңғы алагеуім шақ. Үлкен Быжы жағалауының қалың көшпенділер ұйлығысқан ең үлкен ойық тұсы өлі де қарақұңғирттеу де, жан-жағындағы биіктері қараңғылықтан аршылып, аспан сенгірінде айқындалып-ақ қалыпты.

– Ай, сұрперендер! Ата аруағына сыйынып, кәне атқа қоныңдар! «Ерте тұрған жігіттің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық» деген. Енді тез қозғалайық! Шөл басу, таңғы шай сияқтылардың орта жолда да орайы табылады!

Бұлардың шынында да ең басты сенгені Құндақбай еді. Сосын да мынадай шақта оның сөзін жерге тастау үлкен ағаттық.

Уәли бастаған үшеу тек қара бастары қаңқиғандарға қосылмайды, үйірімен үш тоғыз дегендей әрқайсысы өзінше бір топ еді. Ол топтағылар да бұлардан алыста емес, бәрі тез оянып, ұйқыдағы елді айнала шауып, қиу салғанда табан астындағы қара жер теңселіп кеткенге ұқсады. Иә, баршасы да сергек ұйықтаған екен. Мал да жан да. Таң қараңғылығымен тайталасып, буулы, түюлі жүктерін түгендеп, жылқы мен өгіздің қыр арқаларына лақтыра бастағанда Үлкен Быжы сайы өліп жатқан алып кесіртке кенет тірілгендей көрініс берді. Таң қараңғылығына көзі үйренгесін бе, жоқ, құдайдың сол таңы да асығыстық жасап, тез атып келе жатты ма, әйтеуір шарт киінген еркек-әйелі, кемпір-шалы, бала-шағасы бәрі аралас жұрт сабақтаулы ине-жіпке дейін тап басып танып, өзтемеден жаңылыспай, адаспай алдын-ала ешдері мөлшерлеген тәртіппен аса ширақ қимылдады. Иә, бір жайдан көш, қоныс ауыстыру дегенің қазақ үшін таңсық тірлік емес те ғой, онда да көптің аты көп, ырғалып-жырғалғандар да қара көрсетеді. Құндақбай бастаған қарулылар таратқан бұйрық бойынша бұлар бір ізбен шұбатылып, алдағы көшбасшы жүргіншілердің соңынан ілбуі шарт. Бұл оларды әлдебір жағдайда қорғау ісін жеңілдетеді. Артық сөз, айғай-шу – бәрінің басы артық. Міне, сөйтіп шұбыратын көш қайсысы қайсысының соңынан ілбиді, соны да анықтаймын деп, сәл-пәл іркілгендері де рас. Ал таң жарығы тіпті тез күшейіп, енді-енді күннің де хабары білінген шақ туды. Шаңқ-шұңқ еткен дауыстар да, аттардың

РОМАННАН ҮЗІНДІ

пысқырғаны да құлаққа жететін еді. Міне, қазақы көш қозғалып-ақ берген...

Кенет... иә, кенет! Сонау биіктерден «тырр-тырр» еткен дыбыстар естіліп, ол тіпті құлақ жарарға айналды. Бұл соңғысы алғашқы шаңқ-шұңққа мүлдем кереғар еді. Биіктен жеткен «тырр-тыррдан» ойдағы шыңғырғандардың әуеселсі әлдеқайда қиынға соқты. «Бұл қазақтың даусы неге ащы» дегізгендей. Тіпті төбе құйқанды шымырлатады. Уәли жаңа ғана өзі «пышаққа ілінгір» деп қарғаған атын ойқастата Құндақбайды айнала шауып:

– Уа, көшбасшым! Мынау не сұмдық? Анау төбелерден әлдекімдер оқ шашып жатыр ма? Атылған мылтық деуге аузым бармайды. Атылған мылтықтың даусы құлаққа сіңісті еді. Мынау бөтен сұмдық! Ашып айтшы, жарқыным! – деп айқайлай сұрай сұрау салды. Қиялбай мен Серғазы да солай, олар да сәйгүліктерін аспанға шапшытып, аттанға басып, түсініксіздеу бірдеңелерді шаңқ-шұңқ еткізеді. Құндақбай да ер үстінде, өзiрге үн-түнсіз, өзiнiң жиберген қателiгi үшiн астындағы тықыршыған қылқұйрықтыңдан өш алмақтай онық езуiн жырта тiзiндi тартқылай бердi.

Енді сайдың төбесінде үш жерге орнатылған пулемет, олардың айналасындағы күйбеңдеген адамдар тіптен белсенді қимылдап, «тырр-тыррды» одан сайын үдетті. Пулемет емес, аспанның көбесі сөгілгендей басқа бір алапатақ кезек бергенге ұқсады. Аспанды алақандай, жерді тебінгідей етті деген осындайда айтылар. Айнала жаратылысты бір тарының қауызына сыйғызып, жан түршігерлік қыспаққа алды. Асауға құрық салғандай шыңғырыс құлақ түгілі естіген жанның шеке тамырын үзіп жіберердей. Ара-тұра «Астапыралда! Астапыралда! Аллатағала! Жаратушы мем!» деген тәрізділер үзіліп-үзіліп ұшады. Кейде олар жан тәсілім етер адамның ыңқылына ұқсайды. Астанкестені шыққан ортадан ештемені болжап білер емессің.

Міне, тап осы тұста біз бір қыстырма жасауды жөн санадық. Нақ осы жолдар қағазға түсірілген күнде көзі тірі болған, жетпісті алқымдаған Сәрсенбай Жазылбайұлы Қаңтарбаев өз әкесінен естіген бір жайды қаз-қалпында бізге жеткізді. Бұл кісінің әкесі Жазылбай Қаңтарбаев осы Үлкен Быжы жағалауында туып-өскен, Кіші Быжыдағы Айнабұлақ арқылы өткен шойын жол құрылысына қатысқан, «Өгізөкіргендегі» айыртұяқ жануарлардың азынаған даусына «құлағының құрышын қандырған», басқа да бастан кешкендері жетерлік жан екен. Бірде көңілі түскенде сол Үлкен Быжы бойындағы біз сөз етпек осы жайдың қандай көріністеріне өз басы куә болғанын баласына баяндапты. Өз баянында жалғандық жоқтығын құран ұстап растапты. Ал Сәрсенбай Жазылбайұлы Қаңтарбаев өз әкесінен естігенін бізге былай түзді:

«Үлкен Быжының өрінде, үлкен сай табанында көп жұрттың тайлы-таяғымен Қытайға қарай шекара аспақ екенін біз естіп жүрдік. Тіпті олар ертең қозғалады деген күні қызылқанды Құндақбай Төленді баласының тау сағалап осында жеткенін де білдік. Ол келген бойда Уәли, Серғазы, Қиялбай – үшеуімен қысқа ғана сұқбаттасып, қасындағы оншақты нөкерлерімен Сарбастауды асып, Мұқыры өзенінің бойындағы сельпоны тонапты. Ол сельпоның бастығы Мұқаш Тілеуқабылов деген кісі. Осы Мұқаш Тілеуқабылов, Нәдірбай Мұсабеков, Сапарғали Әліпов – үшеуі атақты Ораз Жандосовтың достары, әрі осы Мұқыры жағалауында қызыл өкіметтің ұясын құрған белсенділер. Бұл үшеуі қастарына басқа да көмекшілерді шақырып, Құндақбай тобына қарсы тұрмақ екен, бірақ қауқары жетпепті. Әсіресе, осындағы бұрын қажылыққа барған, мергендігі бар, кейін бөлшебектер насихатының уыты бойына тарап, соларға қарай жарқ берген, осы өңірге біршама белгілі тұлға Сапарғали Әліпов тұтқиылдан тиген Құндақбай «бандысына» қарсы өршелене ұмтылыпты. Тек маңдайдан тиген соққыдан құлап, көп уақыт есеңгіреп қалыпты. Ал Құндақбай тобы сол сельпоның дүкенінен киім-кешек, етік-бөтіңке, азық-түлік, арақ-шарап сияқтыларға қоржын, қаптарын толтырып тайып тұрыпты. Мен, әрине, олардың бұл жорығынан кейін ғана құлағдар болдым. Ал ертеңіне, көш қозғалады деген күні мен ойымда дәнеме жоқ, сондағы ағайын-туғанмен қоштасып қалайын деп, бір жарамды атқа

мініп, Үлкен Быжыны өрлей аталмыш сайға қарай жүрдім. Ол заманда төңірек ормантоғайы, ат сауырын соғатын бұта-тікенегі мол, қалың жынысты алқап еді. Кісінемесін деп астындағы атымның аузын шүберекпен байлап қойдым. Өзім бармақ сайға «Батпақтың асуы», «Ащылы», «Қопалысай» деген ойпаңдар арқылы өттім. Қытайға көшпек елдің ортасына сиырсақкеде жеттім. Бүгінгі есеппен таңғы сағат он бірдің шамасы. Өзіме көз таныс жандарды тауып та үлгермедім, кенет теріскей беттегі тау жақтан біреулер пулеметтен оқ жаудырды. Тасыр-тұсыр дыбыс, шыңғырып жылаған ел, жылқылардың пысқырғаны – бәрі қосылып, әп-сәтте дүниені басына көшірді. Кенет пулемет атылған тау төбесінде сыптай денелі, ақ киімді екі орыс офицерінің сұлбасы көрінді. Олар өздері атқылаған қазақ көшін мысқылдай мазақтағанға ұқсады. Сол-ақ екен, табан астынан ат ойнақшытып Құндақбай шыға келді. Менен таяқ тастамай аралықта ғана. Бет-жүзіндегі құбылыстарды анықтап-ақ көрдім, өзі әбден мас, екі офицерді көздемей атып жалпасынан түсірді. Сөйтті де сол пулемет орнатылған биіктерді айналып өтпектей астындағы тоқпақ жалды бурылды солай қарай секірте құйғатты. Мен бас сауғалап келген ізіммен кейін қаштым. Құндақбай тобы әлгі Мұқыры өзенінің бойындағы дүкеннен әкеліген бұйымдарды Қытайға көшпекосы жұрттың біразына таратып бергенін, ал батырдың өзі жаңағы қарқынмен тау айналып барып, төбедегі пулеметшілерді баудай түсіргенін кейін естідім».

Фафу ет, оқырман! Бұл кішкене қыстырма біздің өзге деректер негізінде өрбіген баянымыздан аса алшақ жатқанға ұқсамайды. Кейбір қабыспайтын тұстары да бар. Бір оқиғаны сан адам сан қырынан көріп, сан түрлі түйін жасайды. Мынау да соның бір мысалы. Біз осы қанды оқиғаның бояуын қанықтыра түсу мақсатында тағы бір күегер Жазылбай Қаңтарбаевтың баянын қаз-қалпында жеткізуге тырыстық.

Ойдағы ошарылған ел бет қаратпас қалың оқтың астында өстіп шырырап, үйлдеп, өкіріп, басқа да түрлі түсті дыбыстарды қосақтастырып, ешбір жырау теңеу таппас жаман сұрапылунді андыздатты. Тек ара-арасында әлдекім екінші біреуге «қарабет», «қарабет» деп айып таққанға ұқсайды. Жоқ, мұнысы «қарабет» емес, «пулемет» дегенге келіңкірей ме? Андыздаған сұрапыл үн секунд сайын асқынды. Әлгі «Өгізөкірген» сайындағы Зеңгі баба түлектерінің өкірісі мынаның қасында шымшықтың шикылына да татымайтындай.

Құндақбайдың өмірінде бірінші рет екі көзінен жақ ыршыды. Бүйтіп уақыт өткізу жаудың қолына қосымша сыбаға тартқанмен бірдей. Енді Құндақбай айғайға басты:

– Әй, Уәли! Әй, Қиялбай! Әй, Серғазы! Көне, тез! Қарауыңдағы адамдарды үшке бөл! Бір бөлігі, аздауы менің соңымнан ерсін! Анау ең сол жақ шеттегісі күштірек тәрзіді. Сол өңешті қару бәрін жалмап барады! Мен олардың ту сыртынан шығып, адамдарын да, пулеметін де құртамын! Сендер де сөйтіп, екіге бөлініп, қалған екеудің үнін өшірiндер! Сендер жез жағдайын жақсы білесiңдер ғой. Болды! Тез! Әрбір қас-қағым сәт жаудың мейманасын асырып барады! Ал біз кеттік!

Құндақбайдың соңынан бес адам ерді. Ендігі бірінші бастық Уәли еді. Ол да тез айтпай қарамай өз қарауындағы «үйірімен үш тоғызды» үшке бөліп, екі бөлікті Қиялбай мен Серғазының жетегіне берді. Олар сонау биіктегі қалған екі пулеметке қайсысы қай жолмен барып ту сыртынан тиеді, соны тез шешіп, бұлар да сәйгүліктерін қосаяқтата шауып, ойдағы елді айнала көзден өшті.

Ал Уәли не істемек? Өз қарауындағы жеті-сегізбен қалың оқтың астында ошарылған мал-жанды біртіндеп шетке шығармақ па? Ол мынадай аласапыранда тым өнімсіз жұмыс. Тек басына келген алғашқы «сәтті» ой мынау. Онысын өз қарауындағы жеті-сегізгетез жеткізді:

– Сендер ішке дендей еніп, аяғы сауларды шетке шыға қашуға үндеңдер! Жылқы мен сиырды қалқалап, сөйтіп бас сауғаласа тіпті орынды! Кім қалай бас сауғалайды, қандай айла-амал табады, бәрі өз еріктерінде! Тез! Ішке дендей еніп бәріне «қашыңдар», «бас

сауғаландар» дегенді таратыңдар! Бұл нәубет! Нәубет! Нәубет! – деп Уәли тамағын кенеймін деп, сөздерінің соңын дұрыстап жеткізе де алмады. Тек мұндағы жігіттер де аса кеше емес, оның айтағын былай да түсінді. Сөйтіп, олар қалың доданың ортасына түсті. Түскен бойда екі-үшеуі оққа ұшты. Оны бір шетте дегбірісіденген Уәли өз көзімен көрді. Бұл сонда да тістеніп шыдап бақты. Бұл Уәлидің таянышы – Құндақбай, Қиялбай, Серғазы бастаған үш топ қалайда тез жетіп, сонау өңештерінен ажал оғын боратқан үш тажал қарудың үнін өшіреді деген үміт еді. Ия, құдай қол ұшын берсе бұл нәубеттің солай тиянақталмағы заңды ғой. Ал құдай қол ұшын бермесе ше? Құдай біржола бұлардан теріс қараса ше?.. Алла-тағаланың бүгінгі мінезі осы соңғы күдікті тіпті сойдитып, көз алдарына зәулілдің етіп орнатып кеткендей.

Уәли кешкен осы хал жылдай уақытқа ұласып созылғандай. Тіпті бас-аяғы жоқ. Көз алдындағы көрініс алып кесірткенің жанталасқан шақтағы жонындай ала-құлаланып, адам мен жылқының шыңғырған дауыстары оған тіптен жаман өң беріп, сонау биіктерден өршелене «тырр-тыррлаған» үш пулеметтің белсенділігі баршасын бір шыбықпен айдап, қуырып жеп әкетіп бара жатқандай. Мынау қорғасын оқтар кеуделеріне кірш-кірш қадалған ортадағы көпшіліктің жан қиналысынан мынау Уәлидің жан азабы әлдеқайда басым тәрзіді. Екі шекесі тырсынып, іштегі жұдырықтай миы оны қақ жарып шықпақ қара тасқа айналып, керіп бара ма, құдай-ау?! Бүйткенше бас сүйегім біржола қақ айырылсашы деп, сол өздерінен теріс қараған құдайға бір жалбарыныспенұмсынғанға ұқсады.

«Әлде мына додаға өзім де кірейін бе» деген бір сауалдың құйрығынан қармады Уәли. «Өйтсем, сонау Құндақбай бастаған үш топ пен мына қара қырғын үстіндегі сорлылардың екі ортасындағы байланыс жібі үзіліп кетеді-ау» деген қауіп те ішін кеуледі. Ақыры көз алдындағы нәубеттен шоршыған жүрегі, ақыл-есі сыр берді ме, бұл ат үстінен ауып жерге құлады. Сол құлағаннан ол селт етпей тырайып, тұс ауа бір-ақ бас көтерді. «Осы екі аралықта не болды?» деген сауалына жауап алудың орнына әлдекім «не болғанын көрмеген сен неткен бақытты жаралған жансың» деп, өзін қыжыртқанға ұқсады. Бұл күні Уәли дұрыстап ес жиы алмады. Қайта құлады. Осылай ес-түссіз тағы бір түн өткеріп барып, келесі таңертеңгілікте бұл өзіне-өзі келді. Бір ер адам мұның басын жұлқылай көтеріп, аузына су тамызып жатыр екен. Қатты кеберсіген тамағы ылғалды керексініп-ақ қалыпты, ай-шайсыз жұтына қылғытады. Бірақ ылғал мардымсыз, бұл Быжының суы да сарқылып қалған ба дегенге ұқсас бір мерезі ой шекесін дыңылдатады.

Ақыры болған жайды бірте-бірте бұл да ұқты. Кеше Үлкен Быжының үш биігінен ажал оғын секпен үш пулеметтің сол жақ шеттегі біреуінің ғана Құндақбай бастаған топ үнін өшіріпті. Есесіне, соңындағы бесеудің төртеуі оққа ұшып, біреуі ауыр жарақаттанып, ол да ес-түссіз жатыр дейді. Қиялбай мен Серғазы бастағандардың қолдарынан ештеме келмеген. Олар ту сыртынан шаппақ екі пулемет ақыр аяғына дейін жұмыс істеп, құйма оқтары тегіс таусылған соң ғана еш ақаусыз тайып тұрған. Ал Қиялбай, Серғазының да өздері дін аман, соңынан ерткендерден ешкім жоқ.

Уәли өзін әлі де кешегі қара қырғынның шет-пұшпағында жатырмын деп ойлаған. Басын әлсін-әлсін көтеріп, соның бүгінгі қалпына көз жібергісі келеді. Тек бұл бас көтеріп, көздерін бар күшімен баққита ашса-ақ қарсы алдындағы дүние қашқан түлкінің жонындай құлпырып, мүлдем басқаша өң береді. «Апыр-ау, осы менің ақыл-есім түзік пе?» деген сауал бірінші рет тоқпақтай тиді. «Кешегі қырғын қайда? Бәрін жусатып салғасын олардың сүйек-саяқтарын жел ұшырып әкеттім? Құдай бізден ендігі өшін сөйтіп алған екен ғой. Күнәкар қазақ қай қылығымен жаратқан иемнің осыншама қаһарына ұшырады?» Осындай сұраулар легі таусылар емес, бірінші бірі құйрығына байланғандай суырылып шығып жатыр. «Ау, Құндақбай қайда?» Тек осы сауалдың тұсында ғана даусы ашылып кетті. Соны пайдаланып, бұл қайта айғайлады:

– Жарқындарым, Құндақбай қайда? Мы-

нау жер дүниенің бедері қалай өзгеріп кеткен? Құндақбай қайда? Ел-жұрт қайда? – Соңғы сөздерді еңкілдеп жылап жеткізді. Көз жастары сол сәтте-ақ сел боп ақты. Ендігіде іштегі күйік осылай ақтарылды.

Сөйтсе бәз біреулер Уәлидің өлі мен тірінің арасындағы денесін кеше-ақ басқа жерге әкетіпті. Үлкен Быжы сайының түстік-батыс жағындағы шоқылардың бір артқы тасасына апарып жасырыпты.

Уәли жаңағы сауалдарды қойғасын бір биік сауымындай уақыттан соң ғана мұның басын да аздаған қара-құра жиналды. Әлгі Қиялбай мен Серғазы да осы маңнан табылды. Бәрінің де түстері түндей. Бір-біріне қарауға беттері жоқ. Ал Уәли оңайлықпен тынши алмастай. Соның жан қиналысын сәл бөсеңдетейін деді ме Қиялбай қасына қисайып, ұғынықты етіп қайта ежіктеді:

– Айтуға ауыз бармайды. Бір пұшпағынан тістесек жақ сүйегіміз уатылып кетердей. Тек құдайдан медет тілеп қана болған жайдан сізді хабардар етпекпін. Үлкен Быжы сайында тірі тышқан қалмады. Адамды да, малды да тегіс жайпады. Кешегі өзің атаған нәубет қаз-қалпында басымызға орнады. Ал Құндақбай бөлшебектердің тажал қаруының бірінің үнін өшіргесін жалғыз өзі ғана қашып құтылыпты. Ол от қарудың маңында бір қазақ бар екен, сол Құндақбайды танып, саусағымен нұсқап көрсетіпті. Құндақбайдың соңынан жапон бердеңкесі бар оншақты чекист ентелепті, тек Құндақбай қара көрсетпей кетіпті. Иә, Уәли дос, бас кессең де бар білетініміз осы!

Бұлардың бұдан кейінгі тірлігі адам төзгісіздей тіпті ауырлады. Келесі күндері шілденің шығыған ыстығында аталмыш сайдағы өлекселердің сасыған иісі тарап, айналаны тұншықтырып әкетті. Сырт жақтан бәз біреулер қатынап, солардың ұйымдастыруымен бір шұқанақ, жыраларға адам сүйектері тасыла бастады. Ең соңында аздап топырақпен бүркелді. Ал мал сүйектері сол қалпында қала берді. Қасқырлар мен шиебөрілер, қарға-құзғындар тояттансын дегендей-ақ. (Кейінгілердің есебінше сол жолы осы сайда жүзге тарта адам шейіт кетіпті).

Ал Құндақбай қайтті? Қиялбай, тағы басқалардың Уәлиге жеткізген ақпарлары шындыққа сай. Тек бір қосарымыз – жалғыз қашқан Құндақбайдың соңынан жүйтікпен оншақты чекист Ботвиновтың көзіне ояздау көрініп, іле-шала бес-алты қарулыны тағы жөнелткен. Әрі осы соңғылар арқылы алдыңғы кеткендерге «Құндақбайдың көзін жоймай тірі қайтпаңдар» деген нұсқауын да жолдаған.

Құндақбай бір қурайды паналай Үлкен Быжының кедір-бұдырлы, әрі шалғынды сол жағалауын өрлей атын қоянша орғытып, ары шығысқа, Шаған таудың қойнауына қарай жалт бұрылған. Бұл маң да ойлы-қырлы, әрі қалың бұта, тікенекті. Бұған қоса жерден өсіп шыққандай үшкір тастар да ара-тұра кездесіп аттың тобығын тайдыра жаздайды. Сосын да абайламасқа лаж жоқ. Мұнда сырт елдің шапқыншылары түгілі осында туып-өскен Құндақбай сындылардың өздері қапелімде жол таппай тығырыққа қамалады. Құндақбай соны ескеріп мына қуғыншылардан өзінде бой жасыра тұруды көздеді. Бөлшебектер, ия, қармақты тым тереңге салды. Тереңінің аты сол – аяусыздық және аяусыздық! Алыс сырт елдерден келген бес қаруы сай ата жаулар да көп болса осындайлыққа ғана барар. Бөлшебектердің мықтап-ақ беті ашылды. Сосын да мына қуғыншы топпен, үркердей шоғырмен майдандасып, қол былғап не қылсын? Үлкен Быжыдағы қырғын одан әлдеқайда зорырақ майданды талап еткендей. Иә, бұл жолы ең дұрысы мына итжанды өлімтіктерден жай ғана қашып құтылу. Бұл сөйтті де. Ал Ботвинов жөнелткен екі топ осы Шаған таудың қалың шөптесінді баурайында тоғысқан. Біразының аттары ақсап қалыпты. Бұдан әрі Құндақбайдың соңынан ентелей беру тіптен ақылға сыймайды. Әрі қауіпті де. Сонау Үлкен Быжы биігінде үш-төрт серігімен темір қару-пулеметтің тамағына тас тыққан Құндақбай мынадай құладузде жықпыл-жықпылы таусылмас елсіз тау баурайында бұлардың өздерін турап тастамасына кім кепіл.

Ғзақбай ДОСПАНБЕТОВ

Жалғасы келесі нөмірде.

ПОРЯДОК ОБРАЩЕНИЯ В СУД С ИСКОВЫМ ЗАЯВЛЕНИЕМ

Соблюдение надлежащей формы искового заявления - одно из важных условий осуществления права на предъявление иска. Исковое заявление подается обязательно в письменном виде и должно содержать определенные реквизиты, указанные в статье 150 Гражданского процессуального кодекса РК.



искового заявления целесообразно сделать ссылку на соответствующую норму. Если такое освобождение связано с определенным правовым статусом истца, следует приложить документы, подтверждающие этот статус (копии удостоверений участника ВОВ, инвалида и проч.)

Наряду с тем, что в исковом заявлении должны содержаться общие для всех категорий дел сведения, его содержание должно отражать специфику спора, подлежащего разрешению. В нем, независимо от характера спора, должно быть указано наименование суда, в который подается исковое заявление, а затем обозначены все необходимые сведения об истце (ф.и.о., место регистрации и фактического проживания, телефон, а, в необходимых случаях - год рождения). Такие же сведения должны содержаться и об ответчике.

Изложение того материально-правового требования истца к ответчику, которое составляет предмет иска. Исковое требование определяется характером спорного правоотношения, из которого вытекает требование истца. По существу просьба истца, реализованная в виде этого требования, и составляет просительный пункт искового заявления. От того, насколько четко и юридически грамотно сформулировано исковое требование, зависит и уяснение позиции, занимаемой истцом.

Такие ходатайства могут носить разнообразный характер и касаться, в первую очередь, его просьб, связанных с собиранием доказательств, вызовом свидетелей, назначением экспертизы, разрешением вопросов об обеспечении иска, привлечением в процесс других участников процесса.

Перечень документов, которые истец должен приложить к исковому заявлению, указан в статье 151 Гражданского процессуального кодекса РК:

- 1) копии искового заявления в соответствии с количеством ответчиков и третьих лиц;
 - 2) документ, подтверждающий уплату государственной пошлины.
- Если истец освобожден от уплаты государственной пошлины, то в тексте
- 3) доверенность или иной документ, удостоверяющие полномочия представителя истца. Законные представители обязаны приложить к исковому заявлению документы, удостоверяющие их статус и полномочия;
 - 4) документы, подтверждающие обстоятельства, на которых истец основывает свои требования, копии этих документов для ответчиков и третьих лиц, если копии у них отсутствуют. Документами, подтверждающими названные обстоятельства, являются письменные доказательства, которые обосновывают юридические факты, входящие в основание иска (договоры, расписки т.д.). Прилагаться к исковому заявлению должны те документы, на которые истец прямо ссылается. Если же истец, ссылаясь на конкретные документы, ими не располагает, целесообразно об этом прямо указать в тексте искового заявления либо сразу заявить ходатайство об их истребовании - это позволит исключить случаи оставления искового заявления без движения.

Если же одной из сторон является организация, то, помимо точного наименования в соответствии с зарегистрированным уставом, должно быть указано и место ее нахождения.

В связи с этим закон подчеркивает, что истец в исковом заявлении должен указать, в чем заключается нарушение или угроза нарушения прав, свобод и законных интересов истца и его требования.

Исковое заявление должно быть подписано истцом или его представителем, имеющим соответствующие полномочия.

Если истец освобожден от уплаты государственной пошлины, то в тексте

Ермек ДУЙСЕМБАЕВ, судья Текелийского городского суда.

ОЛЬГА-РУКОДЕЛЬНИЦА

Ғалым СҮЛЕЙМЕНОВ: - Иә, Елбасымен төрт рет кездесіп, өнерімізді көрсеткенбіз. Бір таң қалғаным ол кісі өнерді өте қатты сүйетіні. Өзінің де дауысы керемет қой, қазақтың қара домбырасын алып ән салғанда бәрімізді таң қалдырады. Елбасы Талдықорғанға келгенде бірден бізді алдыратын. Таңғы 8 ден тұн жарымына дейін өнер көрсеткен кездер болған. Екінші кездесуімде, «сендер ән айтар алдында дауыстарың жақсы шығу үшін жүзім жеп алыңдар» - деп өз қолымен жүзім ұсынған еді. Қарапайымдылығына таң қалдық. Табиғатты өте сүйеді екен. Далада отырса да әндерінді айтыңдар деп бізді қайта-қайта тыңдайды. Даусымызды жақсы көріп қалды. Рақаттанып тұрып тыңдайды. Біз оған мәнсіз. Осылайша Елбасы алдында бірнеше рет өнер көрсеттік. Өнерімнің арқасында талай тұлғалармен кездесіп, небір құрметке бөлендік. Өнер жолында жүргенім үшін, бүгінгідей құрметке ие болғаным үшін шүкіршілік етемін. Осындай киелі өнерді көтеріп жүрудің өзі бір бақыт. Өнер – менің өмірім ғой.

АЛАТАУ: - Өңгімеңізге рахмет.

Гүлназ ЕРДАУЛЕТОВА

ЗАСЛУШАНЫ ОТЧЕТЫ ПРЕДСЕДАТЕЛЕЙ

В Алматинской области члены комиссии партийного контроля обсудили вопросы внутривнутрипартийной дисциплины.

В Алматинском областном филиале партии «Нұр Отан» было проведено заседание комиссии партийного контроля по вопросу организации работы партийного контроля и укрепления внутривнутрипартийной дисциплины.

На повестке дня были заслушаны отчеты председателей Жамбылского и Панфиловского районов.

На заседании председатель комиссии партконтроля Ермек Абилямажинович Келемсейит также заслушал доклад руководителя управления государственных услуг департамента Агентства РК по делам государственной службы Жениса Андабаева.

По данным Жениса Саятбековича, доля экономических активных членов партии по области составляет 11 процентов. Также членами комиссии партийного контроля в рамках проекта «Құтты мекен» взяты на контроль 38 объектов. Докладчик также подчеркнул недоработки в партийной работе Жамбылского и Панфиловского районных филиалов. Привел примеры о низкой внутривнутрипартийной работе, оказании государственных услуг и недостаточности информационной работы в двух районах области.

«Перед государственными органами стоит задача довести показатель цифровизации в сфере госуслуг до 80 процентов. Поэтому были даны поручения чтобы во всех государственных учреждениях и объектах образования открылись «уголки самообслуживания».

На сегодня уровень охвата главами самообслуживания по Панфиловскому району составляет 63,07% и в Жамбылском районе 40,45%. По словам Жениса

Андабекова, это самый низкий показатель по Алматинской области.

О реализации национального проекта «Құтты мекен» в Жамбылском районе рассказал председатель районного филиала партии Бағдат Алиев.

«В рамках проекта в районе начато работа по конструкции и монтажу инженерных коммуникационных сетей в селе Каргалы (70 га), в микрорайоне «МРО» села Узынағаш (100 га), а также начато строительство родильного дома на 100 мест в селе Узынағаш», - говорит Бағдат Байшалович.

О работе общественной приемной Панфиловского района говорил также председатель районного филиала Темирлан Бектасов.

Всего за первое полугодие текущего года поступило 127 обращений от жителей района. Из них 25 процентов обращений решены положительно. По оказанию консультации в получении адресной социальной помощи даны разъяснения 32 заявителям. Остальным 70 гражданам даны консультации и направления», - говорится в отчете Темирлана Бектасова.

Председатели филиалов партии взяли на карандаш все замечания и недочеты своих филиалов.

В завершении заседания председатель комиссии партийного контроля Ермек Келемсейит внес несколько предложений по улучшению партийной деятельности. Необходимо в срок до 9 октября активизировать работу первичных парторганизации, повысить активность председателей ППО, провести встречи с государственными служащими своего района по разъяснению этики госслужащих, провести тщательную работу по устранению всех замечаний в справке комиссии партконтроля.

Ш. БАТЫРОВ.

ПРОЦЕССУАЛЬНОЕ СОГЛАШЕНИЕ И ПОРЯДОК ЕГО ЗАКЛЮЧЕНИЯ

Закрепление в Уголовно-процессуальном Кодексе института процессуального соглашения является существенной и целесообразной новацией в уголовном процессуальном законодательстве. Процессуальное соглашение заключается между прокурором и подозреваемым, обвиняемым или подсудимым на любой стадии уголовного процесса или осужденным в порядке и по основаниям, предусмотренным УПК.

Порядок заключения процессуального соглашения регламентирован в разделе 13 УПК РК. Законом предусмотрена возможность заключения двух видов процессуальных соглашений: в форме сделки о признании вины - по преступлениям небольшой, средней тяжести либо тяжким преступлениям - в случае согласия подозреваемого, обвиняемого с подозрением, обвинением; в форме соглашения о сотрудничестве - по всем категориям преступлений при способствовании раскрытию и расследованию преступлений, совершенных преступной группой, особо тяжких преступлений, совершенных иными лицами, а также экстремистских и террористических преступлений (ст. 612 УПК).

Сделка о признании вины предполагает добровольность волеизъявления подозреваемого, обвиняемого на заключение такого соглашения, если они не оспаривают подозрение, обвинение, имеющиеся по делу доказательства, характер и размер причиненного вреда, а также, если потерпевший согласен с заключением такой сделки (ст. 613 УПК).

Соглашение о признании вины устраняет любые споры между обвинителем и защитой в отношении вины обвиняемого, а также является для обвиняемого средством избежать от риска, который неизбежен в любом состязательном процессе. Признание своей вины в уголовном процессе США автоматически влечет вынесение обвинительного приговора, и судебное исследование других фактов не производится. Более того, факт признания своей вины обвиняемым прямо влияет на объем его прав на обжалование приговора и на определение наказания.

Действующий уголовно-процессуальный кодекс предусматривает два вида соглашений:

в форме сделки о признании вины - по преступлениям небольшой, средней тяжести, либо тяжким преступлениям - в случае согласия подозреваемого, обвиняемого с подозрением, обвинением;

в форме соглашения о сотрудничестве - по всем категориям преступлений при способствовании раскрытию и расследованию преступлений, совершенных преступной группой, особо тяжких пре-

ступлений, совершенных иными лицами, а также экстремистских и террористических преступлений.

В судебном заседании при согласительном производстве участвуют только прокурор, подсудимый и его защитник. Рассмотрение дела начинается с разрешения отводов и ходатайств, процессуального соглашения о признании вины. Выслушав прокурора, председательствующий выясняет у подсудимого, понятна ли ему сущность процессуального соглашения и согласен ли он с ним. Судья также вправе разъяснить подсудимому сущность процессуального соглашения и задать вопросы подсудимому и его защитнику по обстоятельствам заключения процессуального соглашения о признании вины. После окончания рассмотрения процессуального соглашения председательствующий выясняет у подсудимого, какой срок ему потребуется для добровольного исполнения судебного акта в части имущественных взысканий, предусмотренных в соглашении, при этом выясняет его семейное и материальное положение. Подсудимому должно быть также предоставлено право что-либо дополнительно сообщить суду. После выслушивания подсудимого председательствующий удаляется в совещательную комнату.

Для рассмотрения дела законом отведено 10 суток, с возможностью продления ещё на аналогичный срок. Также законодательно закреплено право государственного обвинителя, подсудимого и его защитника заявить в суде ходатайство о заключении процессуального соглашения о признании вины. В этом случае судебный процесс прерывается с предоставлением сторонам разумного срока для его заключения. После его заключения процессуальное соглашение о признании вины предоставляется судье, который постановляет о продолжении рассмотрения дела в согласительном производстве. Если согласие не достигнуто, рассмотрение уголовного дела судом продолжается в общем порядке.

Если подсудимый обвиняется в совершении нескольких преступлений, вид и размер наказания указывается за каждое преступление отдельно, а также вид и размер окончательного наказания. По смыслу закона соглашение считается заключенным после его подписания прокурором, подсудимым и его защитником. Подписанное соглашение прокурор передает суду и ходатайствует о разрешении дела в рамках согласительного производства.

Нуржан КАДЫРБЕК,
судья СМУС Алматинской области.

ОСНОВНОЙ ПРИОРИТЕТ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОЛИТИКИ

НА СЕГОДНЯШНИЙ ДЕНЬ ПРОБЛЕМА КОРРУПЦИИ ЯВЛЯЕТСЯ ОДИМ ИЗ ГЛАВНЫХ ВОПРОСОВ, АКТУАЛЬНЫХ НЕ ТОЛЬКО ДЛЯ КАЗАХСТАНА, НО И ДЛЯ БОЛЬШИНСТВА СТРАН МИРА. КОРРУПЦИЯ НЕ ЗНАЕТ ГРАНИЦ. ПОНЯТИЕ «КОРРУПЦИЯ» ЧАСТО УПОМИНАЕТСЯ В ЖУРНАЛАХ И ГАЗЕТНЫХ СТАТЬЯХ МНОГИХ ИЗДАНИЙ МИРА. МОЖНО СКАЗАТЬ ЧТО КОРРУПЦИЯ - ЭТО ЗЛОУПОТРЕБЛЕНИЕ НЕ СВОИМИ ПОЛНОМОЧИЯМИ В ЛИЧНЫХ ИНТЕРЕСАХ. КОРРУПЦИЯ ОКАЗЫВАЕТ НЕГАТИВНОЕ ВЛИЯНИЕ НА ВСЕ СФЕРЫ ОБЩЕСТВА: ПОЛИТИКУ, ЭКОНОМИКУ, СОЦИАЛЬНУЮ СФЕРУ.

Республика Казахстан основываясь на нормах международного права, выразила намерение выработать и применять эффективные правовые меры, направленные на предупреждение коррупции и борьбу с ней. Нормы предопределены проблемами и угрозами, порождаемыми коррупцией, негативным влиянием коррупции на функционирование всех общественных и правовых институтов и отношений. Они направлены на обеспечение устойчивого развития государства, его политической, экономической и социальной систем, интересов национальной безопасности.

Борьба с коррупцией всегда являлась актуальной и злободневной проблемой для любого государства. В нашем государстве с момента обретения независимости приняты нормативные правовые акты и государственные программы по противодействию проявлениям и борьбе с коррупцией. Республика Казахстан основываясь на нормах международного права, выразила намерение выработать и применять эффективные правовые меры, направленные на предупреждение коррупции и борьбу с ней. Нормы предопределены проблемами и угрозами, порождаемыми коррупцией, негативным влиянием коррупции на функционирование всех общественных и правовых институтов и отношений. Они направлены на обеспечение устойчивого развития государства, его политической, экономической и социальной систем, интересов национальной безопасности.

Казахстан первым среди стран СНГ разработал и принял Закон «О борьбе с коррупцией», который направлен на защиту прав и свобод граждан, обеспечение национальной безопасности государственных органов, должностных и других лиц, выполняющих государственные функции, а также лиц, приравненных к ним, путем предупреждения, выявления, пресечения и раскрытия правонарушений, связанных с коррупцией, устранения их последствий и привлечения виновных к ответственности, определяет основные принципы борьбы с коррупцией, устанавливает виды правонарушений, связанных с коррупцией, а также условия наступления ответственности.

Уровень и масштабы существующей в стране коррупции сдерживают экономическое развитие, негативно отражаются на инвестиционном климате, снижают имидж страны, международную заинтересованность в сотрудничестве с Республикой Казахстан. В этой связи борьба с коррупцией является

Сатжан СЕИТКЕРИМ,

старший судебный пристав Талдыкорганского городского суда.

ПАРТИЯ УСИЛИТ КОНТРОЛЬ

Партия усилит контроль по борьбе с коррупцией в сфере образования. Об этом на очередном заседании общественного совета по борьбе с коррупцией при Алматинском областном филиале партии сообщил руководитель совета Серик Муқанов.

По словам Серика Мейрхановича, новая программа Президента страны Касым-Жомарта Кемелевича Токаева основана на борьбе с коррупцией и новыми методами в этой работе.

На повестке дня - реализация антикоррупционной политики в сфере образования региона, итоги работы по мерам по пресечению коррупции в учреждениях образования.

На заседании принимали участие члены комиссии, представители местных исполнительных органов, акимы районов, депутаты всех уровней, председатели территориальных комиссий по борьбе с коррупцией и СМИ.

С отчетом о проделанной работе перед собравшимися выступал руководитель областного управления образования Даурен Жунисов.

О выявленных коррупционных правонарушениях сотрудников образования собравшимся рассказал прокурор Алишер Айшев.

«За последние два с половиной года в сфере образования зарегистрировано 433 коррупционных

правонарушения (2017г. - 191, 2018г. - 117, 6 мес. 2019г. - 125), за их совершение к уголовной ответственности привлечено 250 лиц (101, 80 и 69, соответственно)», - отметил в своей речи он.

Слова прокурора подытожил своим выступлением руководитель общественного совета по борьбе с коррупцией при Алматинском областном филиале партии Серик Муқанов:

«По Алматинской области за два с половиной года привлечены за коррупционные правонарушения 21 человек. Если в прошлом году было зарегистрировано 10 случаев, то в текущем уголовное дело возбудили по 1 факту из Карасайского района. 20 августа специальная комиссия во главе с представителями из госорганов и ведомственных учреждений вышлы на рейд. В ходе рейда выявлены ряд нарушений касательно документации, планов антикоррупционных мероприятий, вплоть до отсутствия пандусов в учреждениях образования. Нами даны соответствующие рекомендации и направлены они также в областное управление образования. Просим рассмотреть и принять меры по всем недочетам в установленные сроки», - отметил с своим выступлением Серик Мейрханович.

Ш. ХАМИТОВ.

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПОДГОТОВКИ ГРАЖДАНСКИХ ДЕЛ

Эффективность судебного разбирательства гражданских дел зависит от тщательности и компетентности их предварительной подготовки. В судебном заседании так или иначе функционирует та модель исследуемого события, которая формируется при подготовке дела к судебному разбирательству.

Познавательная-проблемная ситуация возникает для судьи при первоначальном знакомстве с исковыми заявлениями и прилагаемыми к нему материалами. При последующем опросе ответчика судья формирует вероятностную модель исследуемого события. Однако задача судьи не только уяснить существо дела для себя, но найти возможность удостоверения соответствующих фактов при судебном разбирательстве. Иначе говоря, судья решает не только познавательную-поисковую задачу, но и задачу удостоверения получаемых сведений. Он учитывает обстоятельства не только правового, но и неправового характера - анализирует особенности поведения сторон, личностные особенности участников процесса.

Судья получает возможность прогнозировать поведение сторон при судебном разбирательстве дела, характер их активности, честность, искренность и правдивость. Стремясь предупредить отдельные негативные проявления поведения, судья заблаговременно создает фонд соответствующей информации, проигрывая в уме наиболее веро-

ятный ход судебного разбирательства данного дела.

В любом случае знания судьи по делу всегда шире, чем процессуально зафиксированные материалы. Однако эта информационная избыточность несет в себе и определенную опасность - она может препятствовать объективному рассмотрению дела. Поэтому первоочередное значение имеет сосредоточение внимания судьи на полноте, относительности и допустимости доказательств (точнее - тех материалов, которые в судебном разбирательстве могут стать доказательствами).

Уже в процессе подготовки дела к судебному разбирательству судья определяет силу и достоверность возможных доказательств, необходимость назначения экспертизы, определяет достаточность доказательств для решения дела. Наряду с этим судья должен учитывать и возможность возникновения новых доказательств в судебном заседании и опровержения ранее представленных материалов. На стадии подготовки дел к судебному разбирательству судья должен установить:

- круг фактов, которые подлежат установлению;

- круг подлежащих исследованию доказательств;

- лиц, которых необходимо или целесообразно привлечь к участию в процессе.

Существенная сторона подготовки дела к судебному разбирательству - установление судьей коммуникативного контакта с проходящими по делу

лицами, привлечение их к конструктивному сотрудничеству, уяснение характера возникших межличностных конфликтов, позиций сторон, характерных для отдельных лиц психологических барьеров. В процессе общения с этими лицами судья выявляет особенности их поведения, формирует тактику взаимодействия с ними.

В качестве процессуальных действий закон предусматривает опрос истца и ответчика, однако сам процесс опроса закон не регламентирует. Опрос проводится с целью получения судьей необходимой для разрешения дела информации. Исходная база для формулировки вопросов судьи - исковое заявление и прилагаемые к нему материалы.

Во многих случаях искивые заявления бывают неполными, односторонними и юридически некорректными. Поэтому первый этап опроса истца - выявление фактической базы иска и позиции истца относительно поданного им иска.

При опросе ответчик может полностью или частично признать факты, связанные с иском, опровергнуть их другими фактами. В случае подачи встречного искового заявления первоначальный истец опрашивается уже в качестве ответчика по встречному иску.

В процессе первоначального опроса судья решает вопрос о достаточности и достоверности пред-

ставленных материалов, которые могут иметь доказательственное значение, а также возможности получения недостающих материалов. Существенное значение имеет четкое представление судьи о сути требований истца и возражениях ответчика, разграничение бесспорных фактов и проблемных утверждений. На основании опроса судья определяет необходимость выполнения других процессуальных действий.

В психологическом отношении опрос сторон связан с организацией их конструктивного взаимодействия с судьей. Следует учитывать, что стороны строго оценивают поведение судьи, его личностные качества - компетентность, объективность, способность к рефлексии, понимание различных жизненных коллизий, коммуникативность и др.

Самал КАЛИМОЛДИНОВА,
судья Талдыкорганского городского суда.



АТ СПОРТЫ

Ұшқан құстың қанатын талдырып, тұлпардың тұяғын тоздыратын байтақ еліміздің төрт қиырынан атбегілер жүйрік әкелді. Тіпті, көршілес қырғыз елінен де ат қосылып, желмен жарысқан 200-ге жуық сәйгүліктің бабы сыналды. Дүбірлі доданы тамашалауға облыс әкімі Амандық Баталов қатысты.

Атшабарға келген көрермен қарасы быыл да қалың. Ұлттық ат спортының ұлықтаудың жарқын шарасы мұнда жыл сайын өтеді. Ұлы Далаға дабысы тараған Көкбастау жазығындағы атжарыс 1998 жылы Қарасай батырдың 400 жылдығында бастау алған болатын. Содан бері бұл бөйгенің дәстүрге енгеніне биыл 21 жыл. Халқымыздың ұлттық құндылыққа деген ықыласы ерекше екені бұл жолы да анық байқалды. Атшабар алаңы мерекеге сай безендірілген. Аспанында ән-жыр қалықтап, төбеде түрлі түсті жарыс жалауы желбірейді. Алаң ортасында кілең ақ түсті «Уаз Патриот», «Лада Гранта», «Нива» маркалы су жаңа жеті автокөлік қаздай тізіліп тұр. Бағы жанған жеңімпаздарға тағайындалған жүлде қорының басы осы. Бұған қоса үш миллион теңгеден аса ақшалай сыйлық тағы бар. Жылқыға жаны құмар



ЖҮЙРІКТЕН ЖҮЙРІК ОЗАР ЖАРЫСҚАНДА

«КӨКБАСТАУ» ИППОДРОМЫНДА ЕЛБАСЫ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ КУБОГЫ ҮШІН ҰЛТТЫҚ АТ СПОРТЫ ТҮРЛЕРІНЕН ЖАРЫС ӨТТІ.

жұрттың баласы кімдердің жұлдызы жанатынын тағатсыздана күтті. Бөйге десе бас, көкпар десе дес бермейтін атам қазақтың асыл мұрасын дамытуға осындай жарыстың ықпалы зор.

Алдымен тай жарысы болды. Бес шақырымға топырласа шапқан елу тай бір-бірімен тайталасқа түсті. «Тай – атқа жеткізер, ат – мұратқа жеткізер», – деген. Бірінші болып Жамбыл облысынан Жәнібек Әлібековтің «Шөңкер» деп атаған қаракері келіп, үстіндегі шабандоз Нұрсұлтан Ілебайдың мерейі үстем болды. Екінші болып Талғар ауданынан Мерхат Бұлғынның «Кәусары», үшінші орында Қырғызстанның «Асанбек ата» жылқы шаруашылығының «Берекесі», төртінші Қарасай ауданынан Әлнұр Назарбаевтың «Ауысы», бесінші болып Тараз өңірінен Мұрат Сүлейменовтің «Жауынгері» келді.

Одан кейін аш күзендей шиыршық атқан тағы да 50 құнан 11 шақырымға тізгін босатты. Бірінен-бірі оза шапқан қылқұйрықтардың арасы айналым асқан сайын ұзай берді. Соңғы айналымда мәре сызығын бірінші болып қарасайлық Әлнұр Назарбаевтың «Қарлығашы» қиды. Артынша Жамбыл облысынан Диас Мырзаханның «Әлқиссасы», одан кейін Алматы қаласынан Әділбек есімді азаматтың күреңі «Мұзбалақ» жетті. Төртінші орында алматылық Ерлан Байбатырұлының қаракері «Қайнар», бесінші болып қырғыз елінен ат арытып келген Тұрсынның Мамбетайұлының «Хансұлуы», алтыншы Әлнұр Назарбаевтың «Бақторы» атты тағы бір құнаны, жетінші талғарлық Мерхат Бұлғынның «Ханзадасы», сегізінші Қарасай ауданынан Жанқойлықтар әулетінің «Адмиралы» келіп, тиісті жүлделерді еншіледі.

Құйрық-жалы сүзілген қырыққа жуық тұлпардың топ бөйгеде 16 шақырымға қолтық жазуы да жанкүйердің қиқу салуымен қызықталды. Топтаса шапқан аттар соңғы айналымға келгенде жеті жүйрік құйрық тістесе жүйткіп, олардың соңынан үш ат ілесті. Мәреге жарты айналым қалғанда жетеудің ішінен екі жүйрік суырылып алға шығып, тура жолға түскенде оқ бойы ұзай

берді. Қиқулаған көрерменге жақындағанда біреуі екіншісіне құйрық тістептей дара келді. Осылайша Алакөл ауданынан Ерасыл Балтабектің асығы алшысынан түсіп, шабандоз Ринат Сарқұловтың тақымында жұлдыздай аққан «Шымбұлақ» күрең иесіне «темір тұлпардың» бірін сыйлатты. Нұрболат есімді балақай тізгінін тартқан «Ғасыр» екінші келіп, ат иесі талғарлық Мерхат Бұлғынов топ бөйгеде тігілген екінші автокөлікті ұтты. Үшінші орынды қарасайлық «Қарабай» шаруашылығының торы бестісі жеңіп алды. Жамбыл ауданынан Ерсұлтан Серіковтің «Болашағы» төртінші, сонау Қарағандыдан ат қосқан Нұрлыбек Мұхамадияровтың «Арғымағы» бесінші болып келіп, ақшалай бөйге алды.

Төрт аяғы тайпалған жорға десе желпілбейтін қазақ бар ма, сірә?! Сусылдап ала жөнелгенде үстінде су төгілмес жорғаның жүрісі аса жайлылығымен ерекшеленеді. Атшабарда 32 жорғаның аяқ алысы 9 шақырымдық қашықтықта сыналды. Қорытындысында, қойы қоралас жатқан қырғыз жұртының «Асанбек ата» шаруашылығының «Қабылан» атты төрт жасар қаракер жорғасының жылдамдығы мен жүрісі бөрінен басым түсті. Тік отырып тізгін тартқан шабандозы – Бекжан Атанқұлов. Бөйгеде батыстағы ағайынның намысын жанып келген атыраулық Жандарбек Жанбалаевтың алты жастағы қара жорғасы «Асуар» екпіндетіп екінші жетсе, үшінші және төртінші жүлделерді тағы да айыр қалпақты көрші елден «Лелучий» атты бестісімен Емел Сұрақматов пен он жасар торы жорғасы арқылы Әлікбек Жүнісов алды. Жарыс жолын бесінші, алтыншы болып қаскелеңдік Елена Игорочкинаның «Голкипері» мен Талдықорған қаласынан

Қапсаламовтар әулетінің «Космосы» аяқтады. Қалың көрермен тағатсыздана күткен аламанға да кезек жетті. Жарыстың бас бөйгесі – Тұңғыш Президенті кубогі үшін сорғалай тер төгілді. Сөреден тізгін жіберген жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар 48 сәйгүлік даланы дүбірлете 25 шақырымға бауыр жаза көсілді. Сегіз жарым айналымнан тұратын мұндай қашықтыққа тұлпардың тұлпары ғана құстай ұшатынын алдын ала топшылаған жұрттың назары түгелдей желдей ескен жануарларға ауды. Жылдамдықтары таңдай қақтырарлық жүйріктер бірін-бірі құйрық тістесе шаң қаптырып, алғашында қатарласа шапса, келе-келе түйдек-түйдегімен, топ-тобымен бөлектене, аралары ұзай берді. Жанкүйер біткен одан көз алмай, дем бере қиқулаған дауыс даланы басына көтерді.

Аламанға жеті атқа бөйге тігілген еді. Жиырма бес шақырымға жылдамдығын үдете желдей ескен шабысқа жүйріктің жүйрігі шыдады. Бабы келіспей, жарыстан шығып қалғандары қаншама?! Сонымен, ұзаққа шапқаннан Қарасай ауданынан Әлнұр Назарбаевтың «Ұшқоңыры» озып, бас бөйге – ресейлік жол талғамайтын «Уаз Патриот» көлігін иесіне тақымдатты. Шабандозы – Сабыржан Байқұрман. Екінші болып қырғызстандық Тұрсынның Мамбетайұлының үш жасар торысы «Зара», үшінші – алматылық Денис Власовтың «Қаракөзі», төртінші – Қызылорда қаласынан Бердібек Мухановтың «Қарлығашы», бесінші – Алматы қаласынан Әбдусамат Рүстемұлының «Томирисі» келді. Одан кейінгі ақшалай бөйгелерге «Көкдауыл» деген жүйрігі арқылы Жамбыл ауданынан Ғабит Үмбетов, «Жел» күреңімен Әлнұр Назарбаев ие болды.

Атжарыс жеңімпаздары салтанатты жағдайда жеңіс тұғырында марапатталды. Қазақстанның Еңбек Ері, Мәскеу Олимпиадасының чемпионы Жақсылық Үшкемпіров аламан бөйге жеңімпазы, шабандоз бала мен ат иесіне Елбасы Кубогі мен 1-дәрежелі диплом, «темір тұлпар» кілтін тапсырды. Сол сияқты облыстық мәслихат хатшысы Сұлтан Дүйсембінов, облыс әкімінің орынбасары Бағдат Манзоров, ҚР Еңбек сіңірген бапкері Орынтай Әмірғалиев, облыстық денешынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұрбақыт Теңізбаев топ, құнан, жорға және тай жарыс жеңімпаздарына жүлделерін тапсырды.

Жанкүйердің делебесін қоздырған атжарыстар аралығында аударыспақ, қыз қуу, теңге ілу, жамбы ату сияқты өзге де ұлттық ат спорты ойындары тамашаланды. Жігіттің білек күші мен астындағы аттың бөлі қатар сыналар аударыспақта Дидар Ноғайбек, Жәнібек Қосымбек, Шыңғыс Әлімбаев, Әлихан Дүйсембайлар ортада тартысып, бірін-бірі аттан түсірді. Нәтижесінде, жамбылдық Дидардың күші бөрінен басым шықты. Қыз қууға шыққан Назерке Байжұмақызының астындағы ат ұшқыр екен, сонына түскен Мәлік Бауыржанға ө дегенде жеткізе қоймады. Дегенмен, намысқа тырысқан азамат оны қуып жетіп, үзеңгі қағыстыра бере қызыл көйлекті аруды құшақтап үлгерді. Кері қайтар жолда енді жігіттің артынан тізгін босатқан қыз оған қол созым тақай бере жотасына қамшы ілтеп, көрермен қошеметіне бөленді. Теңге ілуге келгенде ептілік, жылдамдыққа қоса аттың үстіндегі иесінің тақымын сезініп, ыңғайына бағынуы сияқты шеберліктер сыналды. Бес жерге тасталған теңге түйіншегің шауып бара жатып іліп алуда жамбылдық Мейірман Мәтжан мен талғарлық Шыңғыс Әлімбаев өнер көрсетті. Жамбы атуда Алдияр Нұрғазиев ат үстіндегі мергендігімен көзге түсіп, жебесін нысанаға дәл тигізді. Жасөспірімдер Нарул Ерболат пен Мәди Бауыржан да шауып бара жатып садақ тартты. Көшпенділердің бұл жауынгерлік өнері Көкбастау бағдарламасына енгізіліп биылғы жаңалық болды.

Серік САТЫБАЛДИЕВ



КӨГАЛДАҒЫ ХОККЕЙ

Орта Азия кубогы басталды

ТАЛДЫҚОРҒАНДА КӨГАЛДАҒЫ ХОККЕЙДЕН І ОРТА АЗИЯ КУБОГЫ БАСТАЛДЫ. ЖАРЫСҚА ОМАН, ТӘЖІКСТАН, ӨЗБЕКСТАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕКІ КОМАНДАСЫ ҚАТЫСУДА.

чемпионатында да өнер көрсеткені мәлім. Әсіресе, Алматы облысының командасы ел чемпионатында топ жарып жүр. Мәселен төрт жылда бір келетін жазғы спартакиада ойындарында екі алтын, бір күміске қол жеткізген жерлестеріміз бұл сында да жүлдеге үміткер. Сонымен жарыстың бірінші күні Қазақстан командасы мен Өзбекстан құрамасы кездесті. Төрт кезең бойынша бір бірінші осал

тұсын таба алмай алаңда шелек-теп тер төкті. Жерлестеріміз қанша шабуылдаса да қарсыластарының осал тұсын таба алмады. Ойынның соңғы минутында Өзбекстан командасы есеп ашып, таразы басын өзіне аударды. Ал алаң қожайындары есепті теңестіруге қанша жанталасқанымен, уақыт аяқталып жеңілісті мойындауға тура келді. Бұл кездесудің ең үздік ойыншысы болып өзбекстандық шабуылшы Ойбек Назаров атанды. Екінші кезекте Қазақстан мен Тәжікстан командалары жолықты. Республиканың үздіктері бас

қосқан Қазақстан командасы бірінші таймнан бастап тізгінді қолға алды. Дүркін-дүркін шабуыл ұйымдастырып, қонақтарды біраз әбегіреге түсірді. Артынша есеп ашып, ұпай еншіледі. Бірінші кезеңнің өзінде қарсыластар қақпасына жауапсыз үш доп соқты. Тәжікстан құрамасы тек қорғанумен ғана болды. Осылайша төрт тайм бойы толассыз шабуылдың арқасында жерлестеріміз он доп соғып ірі есеппен жеңіске жетті.

Азия кубогы Жетісу жерін 8-қыркүйекке дейін дүбірге бөлейді. Жексенбі күні Азия кубогы кімге бұйыратынын анықтайтын боламыз. Әзірге Қазақстан құрамасы жақсы қырынан көрініп келеді.

Әмір Сана

Олимпиадалық спорт түріне енетін көгалдағы хоккей ойыны біртіндеп қарқын алып келеді. Әсіресе Азия мемлекеттерінде жақсы дамыған бұл ойынды Қазақстан да кем ойнамайды. Азия чемпионаттары мен кубогында жүлде салған ұлттық құрама әлем

ОЙТҮЙЕР

АҒА – БАУЫР, ІНІ – ТАС



сұрап келейін, - дейді де, далаға шығып кетіп аз айланып оралған ол:

– Мен сұрадым жігіттер, - дейді. Оны естіген жігіттер тағы да жарыса сөйлеп:

– Айтыңыз, төре, ол жер кімнің мүлкімін дейді? - десе, төре:

– Жер: «Мен ол екеуінің мүлкі емеспін, ол екеуі менің мүлкім. Себебі, ол екеуі тұрмай тұрғанда мен бар болатымын, ол екеуі жоғалғанда мен бар боламын» дейді, - деген екен. Сол төре шын айтқан. Осы өлкеде көп жыл өмір сүрдім. Мен жас едім, талай-талай аузы дуалы, ат атақ, бет, беделінен ат үркетін абыз қариялар болды. Бүгін солардың бәрі жоқ. Білесіңдер ме, қайда солар. Мына жердің астында. Ертең мен де жоғалам, мен де кірем осы жердің астына. Уақыты болғанда сендер де кіресіңдер осы жердің астына. Адамдардың бәрі кетеді, жер қалады, - деді екеуімізге тесіле қарап. Біз ештеңе демедік.

Содан араға жылдар салып, сол атамыз мәңгіліктің мекеніне кетті. Анау ағам да атажұртқа көшті. Мен де кеттім моңғолдардың арасынан. Тура жиырма бес жылдан кейін мен демалыспен ата-анама барып, әлгі ағам Қазақстаннан туған жеріне келіп екеуіміз кездестік. Көрген жерден тұра жүргірген ағам мені құшағына алып ұзақ жылады. Мен де жыладым. Ағамның айтқаны: «Бауырым, әкемнен де, шешемнен айырылдым. Одан кейін сүрінгенде сүйеу болған сүйген жарымнан да айырылдым. Енді 2-3 баламның қасында сопайып жалғыз қалдым.... Баяғыда төбелескеніміз, атамның айтқан аңызы есіңде ме? Сол жерге тұтқа болардай болып бір-бірімізге қамшы сілтескен екеуіміз едік. Енді мен қайда жүрмін, сен қайда жүрсің. Текті жердің ұлдары едік ғой, сондай ақымақ іске қайтіп бардық ұялмай? Білемін, сен ол істі кек алған жоқсың көңіліңе. Одан кейін де жұбыңды жазбай ағалап артымнан ергенсің. Бірақ Құдай алдында қарызым өтелсін, кешірші ағанды», - деп маңдайымнан иіскегенде бетіме көзінің ыстық жасы тамып-тамып кетті.

Шын мәнінде бірін-бірі болымсыз іске бола қамшымен салып кету деген ауыл жігіттерінің арасында болып тұратын еді ғой. Бірақ ертеңінде-ақ ұмытып кететінбіз. Бірақ сол ағам неге көп жыл бойы ұмыта алмады екен? Ежелгі қазақ сөзінде: «Аға – бауыр, іні – тас», - деген сөз бар еді. Сол бауырдай жұмсақтығы әлсін-әлсін арын оятып, өзін-өзі кінәлі санады ма екен? Өлде мен білмейтін «даналық» деген осы ма?

Серік ӘМЕТОВ

ІСКЕРЛЕР ӘЛЕМІ

Студенттік өмір аяқталып, енді төрт жыл алған білімді іске асыратын уақыт келді. Бірақ, жұмыс іздеуден гөрі, орналасудың қиын екенін кім білген?! Түйіндемелізде қабылдап, сұхбат кезеңіне шақырса, демек сіз бір белесті бағындырдыңыз. Барлығы сіздің сұхбаттасу кезеңінде өзіңізді көрсете алуыңызбен, сұрақтарға жауап беруіңізбен айқын болады.

СІЗ МЫҚТЫ МАМАНСЫЗ БА?

«Неге жиі жұмыс ауыстырасыз?»
Бұл сұрақты қоя отырып, жұмыс беруші сіздің қаншалықты лайықты маман екеніңізді білуге тырысады. Мұны текке жібермей, сіз өзіңіздің жақсы жақтарыңызды, ұтымды тұстарыңызды және маман ретінде жеткен жетістіктеріңізді айтуға тиіссіз. Не себепті лайықты екеніңізді көрсетіңіз және сендіріңіз.

«Бұрынғы басшыңызбен қарым-қатынасыңыз қалай?»
Бұл сұрақ әдетте жеке басқа өту ретінде қарастырылып, жиі қойылмайды. Дегенмен, кей компания үшін қызметкердің дау тудырмайтыны және өзін кез келген уақытта салмақты ұстай алуы маңызды рөл атқарады. Бұл сұраққа жауап беру барысында бұрынғы жұмыс орныңыз, әріптестеріңіз бен бастығыңызды сөзден абай болыңыз.

«2017-2018 жылдары үзіліс алыпсыз. Неген айналыстыңыз?»
Сұхбат кезінде жұмыс беруші сізден дәл осы уақыт аралығында не істегеніңізді сұрап, қызығушылық танытуы өбден мүмкін. Бұл арқылы сіздің жұмысқа қаншалықты ынтамен келгеніңізді білуге тырысады. Мұндай жағдайда тек шындықты айтыңыз.

«Компания жайында не білесіз?»
Түйіндеме тапсырмастан бұрын, компания туралы зерттегеніңіз жөн. Сұхбатқа бармас бұрын компания қашан құрылды, қандай өнімдер өндіреді, қанша қызметкер бар әрі компанияның құндылығы мен миссиясы жайында толыққанды зерттеу жүргізіңіз.

«Өзіңіз туралы баяндасаңыз...»
Бұл сұрақ арқылы жұмыс беруші сіздің қоғамға қаншалықты тез сіңе алатыныңыз, адамдармен тіп табысуыңыз және қандай дағдыларға ие екеніңіз секілді маңызды дүниелерді анықтауға тырысады. Жауап берерде «қазіргі сәт – өткен шақ – болашақ» формуласын ұстаныңыз.

«Өзіңізді 5 жылдан соң маман ретінде қалай елестетесіз?»
Сұрақ арқылы сіздің жеке өміріңіздегі жоспарыңыз емес, кәсіби маман ретінде болашақта нені қалайтыныңызды білуге тырысады. Сондықтан, жалақының жоғары болғандығын және басшылық қызметті қалайтындығыңызды жасаудың қажеті жоқ.

«Неге жиі жұмыс ауыстырасыз?»
Осы уақытқа дейін бір орында тұрақты жұмыс істемесе, HR-менеджер оны үміткердің тұрақсыздығы мен жауапкершіліксіздігі деп таниды. Егер осы уақытқа дейін жұмыстан сіздің өркініңізден тыс қателік немесе шешім бойынша шығарса, оны түйіндемеңізде көрсетіңіз.

«Ең сәтсіз жұмыс тәжірибеңіз қандай?»
Мұндай сұрақтарды жұмыс беруші сіздің сәтсіздіктермен қалай күресетіңізді анықтау мақсатында қояды. Жұмыс берушіге өзіңізді жақсы жағыңыздан көрсетіңіз. Өзіңізді мақтап қана қоймай, қателіктеріңізді де, сәтсіз шешімдерді де жасырмаңыз.

Бірде: «Қыстауыма қой жайдың», - деп қойымды қуған жерлес ағаммен төбелесіп қалдым. Жас едім, жасын едім. Бар жоғы жиырма бірде ғанамын. Ол кісі менен он жас үлкен еді. Сонымен иен далада кездескен екі жігіт алған бетімізден қайтпадық. Үлкен едім деп ол ағалық көрсетпеді, кіші едім ғой деп мен інілік ізет етпедім. Ауыздықпен алысқан арғымақтан үстінен сілтескен дырау қамшы оған да тиді, маған да тиді. Біз білмейтін бұрынғы заманнан бері ауыл аралас, қой қоралас болып келген екі ауылдың екі жігіті осылайша болымсыз істен болып екі жаққа қарадық... Қырсықтығыма басып оның қыстауынан мен малымды әкетпедім. Күндіз кешке дейін қой жайып кешке қосыма келіп түсе бергенім сол еді, әлгі ағамның қарт әкесінің келе жатқанын көрдім. Баласын ертіп алыпты. Таңертең ашу үстінде болып өткен жағдай көз алдымнан қайта бір өтті. Жасы жетпістен де ары кеткен аппақ сақалы кеудесін жапқан қарт атаның сұсынан қатты қорықтым. Әке көрген ұлмын ғой, жүгіріп барып аттан түсіріп қолтығынан алып қосқа кіргіздім. Бетіне тіке қарай алмай жер шұқып отырған мені байқаған қария отырған орнынан ұмтылып келіп маңдайымнан иіскеді. Қара қосқа ала келген дәні де бар екен. Еті, қымызы бар дастарханын жайып алдыма қойдырды баласына. Сосын екеуімізді қатар отырғызып: «Ертеде екі жігіт жерге таласып, жөнге келісе алмай биден асып төреге дейін барыпты. Төре:

– Неге жанжалдасып жүрсіңдер? - десе, жігіттер жарыса сөйлеп:

– Ол менің жерім...
– Ол менің жерім... - деген жауапты қатар айтады. Осы жауапты естіген төре:

– Жарайды, оның айғағы сол жердің өзі ғой, мен барып сол жерден кімнің жері екенін

САЯХАТ

КҮЗДЕ ҚАЙДА ДЕМАЛУҒА БОЛАДЫ?

Күз маусымында да естен кетпес демалысты өткізуге болады. Жақсы уақыт өткізуге арналған мекендер жазғы демалыс орындарынан көп болмаса, аз емес. Әсіресе, дәл қазір барлық жерде ыстықтың беті қайтып, бағалар түсіп тұр. Сондықтан, бүгін сіздерге күзгі демалысты өткізуге болатын ғажайып мекендер туралы баяндап береміз.

Негізінен, күз маусымының басында демалғыңыз келсе, Еуропа елдеріне барған жөн. Ол жердің ауа райы барлық қиындықтарыңызды ұмытып, серуендегенге өте ыңғайлы, ауасы жылы, ал табиғаты тіптен тамаша. Сондай-ақ, күзде Еуропа халықтарында көптеген мерекелер мен фестивальдар өтеді. **Испания, Хорватия, Болгария, Көк теңіз жағалауы, Франция, Крит** елдері де күзгі демалыс үшін таптырмас мекендер болып табылады. Дәл қазір мұнда ауа-райы өте жылы, бірақ күздің соңғы айларында жаңбыр жиі жауа бастайды. Ал, күздің басында күн қайнап, жағажайлық маусым қалыптасады. Айтпақшы, күзде Испанияда өтетін атақты коррида жарыстарында небір мықтылардың күегері болып қалуыңызға мүмкіндігіңіз бар.

«Күзде қайда барып демаламын?» деген сауалыңызға жауаптың бірі – **Марокко және Тунис** елдері бола алады. Жалқаулықтың патшалығы, жұмыссыздық, ертеден қара кешке дейін жалғасатын жағалаудағы өмір, аяқты аспанға көтеріп жату, шат-шадыман думан және асқазаныңыз үшін қайталанбас мереке... Аталған елдердегі демалыс сіздерге осындай рахат өмірді тарту ете алады. Тап бір жаз айларында жүргендей сезімде боласыз.

Бұған қоса, **Кипрдің** шипалы суында, бар әсемдікті бойына жинаған көлдерінде қалағаныңызша шомылып, армансыз қыздырынумен қатар, қайықпен және катамаранмен серуендеп, бильярд ойнап, кешқұрым киноға, мейрамханаға, би кештеріне баруға болады. Бұл тізімге кереметтей саябақтары бар **Черногория** елін қосып қойсаңыз өкінбейсіз.

Ыстық сүйгіш ағайындарымызға қайда барамын деп қам жеудің еш қажеті жоқ. **Біріккен Араб Әмірлігі** сіздердің тілектеріңізді толықтай қанағаттандыра алады. Мұнда әрқашан ыстық және күн шуақты күндер жиі ұшырасады. **Грекия** елінде аса ыстық болмаса да, қоңыр салқын ауа-райы патшалық құрып тұр. Мұнда бара қалсаңыз, әлем тарихының бастауы саналатын дүниелерге қол тигізіп, мыңжыл жасық жасы бар көне қалалардың күегері атана аласыз.

Демалысыңыз қараша айына тап келсе, **Үндістан мен Гоа** жағажайы сізді құшақ жая күтіп тұр. Мұндағы жаймашуақ ауа райы тек қана жағажайда шомылуға емес, спортпен айналысуға, көрікті жерлер мен құнды ескерткіштерді тамашалауға арналған.

Тізіміңізге **Мадейра, Тенерифе және Маврикия** жағажайлары мен **Мадагаскар, Мальдив** шипажайларын қосып қойыңыз. Бұл шипажайларда емдік қасиеті бар теңіз ауасы тыныс алу жолдары мен жүйке ауруларына таптырмас дауа болады.



психология Сурет те санааны "сөйлетеді" алады

Адамның сырт келбеті кез келген уақытта ішкі күйін жетік көрсете бермейді. Өркінің өз уайымы, бас ауыртқан мәселесі бар. Сіздің де санаңыз алысқан нәрсе болса, төмендегі сурет арқылы анықтап көрейік. Бұл суреттен бірінші нені байқадыңыз? Мына тізімнен тауып, сараптамасын оқып шығыңыз және кеңесті ескеріңіз.

Пантера
Ең бірінші пантераны байқасаңыз, сіздегі күйзеліс қарым-қатынастан туып отыр деген сөз.

Арыстан
Қарапайым дүниені жасау (үй жинау, киім үтіктеу, көлік айдау, т.с.с) аяқ астынан күрделі боп кетсе, бір апта еңбек демалысын алған дұрыс. Эгоңызды осы суреттен іздеп отырғаныңыз, арыстанды таңдағаныңыз осыған дәлел.

Зебра
Отбасыңыз – сіз үшін алдыңғы шепте және олар үшін жаныңызды бересіз. Оларға бағыт-бағдар беріп, сыртынан бақылап жүрсеңіз, олар да өз бетімен өмір сүруді үйренетін болады.

Керік
Керік байқасаңыз, жұмыс пен қаржылық жағдайыңызды қатты алаңдап жүргеніңізді білдіреді. Бәсекелестік кез келген жерде болады. Қаржылық қысым да ешкімге оңай соқпасы анық.

Көгілдір құс
Алдымен көгілдір құсқа көзіңіз түссе, өзіңізді жапаңда жалғыз қалғандай сезініп жүрсіз дегенді білдіреді. Жақындарыңызбен сөйлесе алмай жатсаңыз, бетпе-бет кездесуге шақырыңыз. Альтернативті нұсқалар ұсынып, көп уақытты шынайы өмірге арнауын «өтініңіз».

Ала құс
Бұл құстарды байқасаңыз, сіз де жалғыздықтан құса боп жүрген адамсыз. Бірақ сіз ойыңызды, сезіміңізді айта алмай жүрген «жалғызсыз». Отбасыңыз, достарыңыз сізді тыңдай алады әрі сізге кеңес береді, қиналғанда жаныңыздан табылады.

Міне, осындай сараптама. Сіз алдымен нені байқап едіңіз? Шынымен сәйкес келді ме?

Деректер интернет желісінен алынды.